

КӨПКЕ ҮЛГІ АУЫЛДЫҢ ЕРЕКШЕ ТОЙЫ...

Ауылдан гөрі қалаға тән көркімен, ауылдықтарға қолайлы орта қалыптастыруымен көпке үлгі болып жүрген Сырдария ауданындағы Нағи Илиясов ауылының құрылғанына 60 жыл толуына орай ауылдың тарихын, елді мекеннің тыныс-тіршілігін, еңбек адамдарының өнегелі жолын және рухани-мәдени құндылықтарын насихаттауға бағытталған «Құтты мекеннің көрікті келбеті» атты көрме өтті. Салтанатты шараға облыс әкімінің кеңесшісі Руслан Рүстемов, аудан әкімі Берік Сәрменбаев, алыс-жақыннан келген зиялы қауым өкілдері мен құрметті меймандар, еңбек және тыл ардагерлері, ауыл ақсақалдары мен аудан тұрғындары қатысты.

Көрме барысында ауылдың өткені мен бүгінін сабақтастыратын фото-көрме арқылы елді мекеннің қалыптасу кезеңдері, әлеуметтік-экономикалық дамуы және ауыл өміріндегі айтулы сәттер фотосуреттер арқылы көпшілік назарына ұсынылды.

Сонымен қатар ауыл тұрғындарының еңбегін дәріптейтін ауыл шаруашылығы көрмесі ұйымдастырылып, туған жердің берекеді тіршілігі мен еңбек нәтижелері таныстырылды. Қолөнер шеберлерінің ұлттық нақыштағы бұйымдары да көрменің мазмұнын толықтырып, халқымыздың дәстүрлі өнері мен шеберлік мектебін көрсетті.

4-бетте



Сарқылмасын Сыр - Ана!



КЕЛЕР ЖЫЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР ӨСЕДІ МЕ?

7-бетте

«АЛСЕКО»-ға ТҰРҒЫНДАР НЕГЕ АРЫЗДАНДЫ?

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте коммуналдық қызметтердің бірыңғай төлем құжатына қатысты мәселе қаралды.

Қызылорда облысында биылдан бастап электр энергиясы, жылу, ауыз сумен жабдықтау, көріз және тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару қызметтеріне төлем жасау «АЛСЕКО» есеп айырысу орталығы арқылы жүргізілуде.

Бірыңғай төлем құжатын енгізудегі негізгі мақсат – есеп айырысу үдерісін орталықтандыру, төлемдерді бір жүйеге біріктіру және қызмет көрсетудің қолайлылығы мен ашықтығын арттыру. «АЛСЕКО» есеп айырысу орталығы еліміздің бірнеше өңірінде қызмет көрсетеді.Алайда жаңа жүйеге қатысты тұтынушылар тарапынан сауалдар мен наразылықтар туындап отыр. Атап айтқанда электр энергиясы төлемінің бұрынғыдан қымбаттағаны, сондай-ақ коммуналдық мекемелер тарапынан тікелей және «АЛСЕКО» арқылы қайталама есепшоттардың ұсынылатыны туралы шағымдар бар.

Осыған байланысты энергетика, қоғамдық даму басқармаларына қала және аудан әкімдіктерімен бірлесіп, бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер арқылы

бірыңғай төлем құжатының жұмыс тәртібін тұрғындарға кеңінен түсіндіру міндеті жүктелді.

«Қызылорда жылу-электр орталығы», «Қызылорда су жүйесі» және «Қызылорда тазалығы» мекемелері тұрғындарға ай сайынғы төлем құжаттарын бірыңғай жүйе арқылы ұсынуы тиіс.«АЛСЕКО» есеп айырысу орталығы жүйенің жұмысын қайта тексеріп, анықталған кемшіліктерді жоюы, коммуналдық мекемелер енгізетін көрсеткіштер тұрғындарға жедел әрі ашық көрсетілуі қажет.

Сонымен қатар мәжілісте жұртшылықтың өтініштері мен шағымдарына жедел жауап беру, көтерілген мәселелерді уақытылы шешу тапсырылды.

Жиында «АЛСЕКО» мекемесінің коммерциялық директоры Алексей Бозжанов хабарлама жасады.

Бірыңғай төлем құжатына байланысты мәселелер тұтынушылардың берешегі мен мекенжай деректерінің дұрыс көрсетілмеуінен туындаған. Осыған орай мекенжайларды нақтылау және коммуналдық мекемелердің ақпараттық жүйелеріндегі деректерді өзара сәйкестендіру туралы тапсырма берілді.

Қызылорда қалалық қоғамдық кеңес мүшесі Б.НҰРҚОЖАЕВ:

ҚАТЕЛІКТЕРДІ ЖӨНДЕУГЕ БОЛАДЫ...

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев коммуналдық мекемелер қызметі бойынша "Алсеконың" бірыңғай төлемдеріне байланысты тұрғындардың арыз-шағымына орай жиын өткізді.

Бірден айтайын, цифрлы бір көзден төлейтін жүйе басқа қалаларда бар, газ, су, жарық, қоқыс шығару төлемдерін бір көзден төлеу елімізде енгізіліп жатыр.

Бірақ мәселе неден туындап отыр деген сұрақты нақты анықтаған дұрыс шығар, жиын да соған байланысты өткізілді деп ойлаймын.


Тағы бір бірден айтатын мәселе, мен өзім тексердім, салыстыру актісінен кейін есептегіш көрсеткішімен сәйкессіздік, немесе артық қаржы есептеу жоқ, яғни сәйкес.

Онда мәселе неден туындап отыр?

Тұрғындар сұрақтарынан бастасaq:

1. Неге басқа адресітің төлемдері маған келіп тұр?

Бұл қаладағы үйлердің адресі осы кезге шейін бір жүйеге келмеуінен және әр мекемеде әртүрлі адрес қолданылуынан. Мысалға менің өзімнің үйім СІМПК 70, 13, одан кейін Баймаханов көшесі 13, одан кейін Ақирек тұйығы 6 болып өзгерді, яғни қазіргі Баймаханов 13 үйіне менің, немесе маған басқаның қарызы



ТҰРҒЫНДАРҒА «SMART ЖКХ» МОБИЛЬДІ ЖӘНЕ ВЕБ-ҚОСЫМШАСЫ ТЕГІН ҰСЫНЫЛҒАН. Ол арқылы бірыңғай төлем құжатын, төлемдер тарихын және коммуналдық қызмет көрсетушілердің байланыс деректерін көруге болады.

келуі мүмкін, себебі коммуналдық мекемелер базасында бұрынғы адрес қалып қояуы мүмкін, содан да мекемелерде ол бөлек, "Алсекода" бөлек.

Мысалға Тасбөгетте үйлер нөмірленуі екі жағынан бірдей басталатын болса, қалаға қосылу себепті кейде такси шақырсаң Абай көшесін Тасбөгет жақтан көрсетіп тұрады, яғни қалада екі Абай, екі Мұратбаев сияқты мекенжайлар бар. Қалада да Байқоңыр көшесі екеу еді, Жүнісов көшесін әлі Көкшетау атап

жүрміз. Жаңа мөлтек аудан үйлерінің нөмірленуі мен атауы өзгеруіне байланысты да осындай мәселе туады. Бұны реттеу қажеттігі жөнінде жазғанымызға да 10 жылдан асты, енді міне алдымыздан шығып отыр.



ЕГЕР ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ НЕМЕСЕ БАСҚА КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША ЕСЕПТЕУДЕ КҮМӘНІҢІЗ БОЛСА, ЕСЕПТЕГІШТІҢ НАҚТЫ КӨРСЕТКІШІН ТЕКСЕРІП, **ТИІСТІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУШІ МЕКЕМЕГЕ ХАБАРЛАСУЫ КЕРЕК**

2. Былтырғыға қарағанда жарыққа төлем неге артып кеткен?

Бұл мәселе, мысалға жаздағы ыстықтан кондиционерге энергия көп жағудан болса, онда бір адамға шаққанда 70 квт-тан артық жаққан энергияға сараланған тарифтің жоғары тарифі қолданылуынан болуы мүмкін. Оны қанша жаққаныңызды, қандай тарифпен төлеп отырғаныңызды, "Алсеко" ПДФ квитанциясында барын, содан көруге болатынын көбіміз әлі білмейміз. Содан да неге төлеп жатқанымызды қайдан көре аламыз, неге квитанция жоқ деген сұрақтар туындап отыр.

3. Осы жерден, ЕҢ МАҢЫЗДЫ 3 мәселе шығып отыр, яғни цифрлы жүйе қолданудан тұрғынға бір квитанциямен төлем жасап жеңілдетеміз дегенмен, "Алсеко" тек мекеме берген есептегі қаржыны цифрлы жүйемен бір төлеммен жинап, оны мекемелерге бөліп берумен ғана айналысады, яғни "Алсеко" қарызыңызды, тарифті, көрсеткішіңізді есептемейді, оны есептеп беретін су, жарық, газ, тазалық мекемелері.

Яғни егер сіз келген сомамен, немесе көрсеткішпен келіспеген жағдайда газ, жарық, су, тазалық сияқты 3-4 мекемеге өзіңіз барып, сандалып дәлелдеу қажет болады. Олай болса бұл цифрлы жүйенің тұрғындардың жұмысын жеңілдетуі қаншалықты деген сұрақ туады және бұл сұрақ қойылды және оны реттеу ұсынылды.

4. Жазда мекемелер бірыңғай төлем жүйесіне көшеміз деп әр үйді

аралап, есептегіштердегі көрсеткіштерді тексерген кезден салыстыру актісін жасасып, одан кейін шот келгенде оның дұрыстығын тексеріп отырсақ түсінбестік, неге артық төлеп жатырмыз деген сұрақ та тумас еді. Яғни қаңтар айынан бастап сондай түсіндірме жұмыс жасалуы керек еді.

"Алсеко" Қазақстанда Астана, Алматы қалалары мен бірқатар облыстарда да осы кезге дейін бұл жұмысты жасап келген, яғни бұндай жағдай басқа жерлерде де орын алған, сондықтан жағдайдың алдын алуы керек еді, не болмаса ертең осындай жағдай туындайды, ондай практикамызда болған, сондықтан ерте қамданаыық деп мекемелермен бірлесе жұмыс бастап, ақпаратын тұрғындарға жеткізуге өзі де атсалысуы керек еді.

5. Бірнеше мекеменің төлемі

бірге келгесін төлем сомасы өте көп

сияқты көрініп отыр, оған тарифтің

қымбаттағаны тағы бар.

Тағы бір жайт, есептегіш көрсеткіші

түспесе бұрынғы орташа көрсеткішпен

шот қойылуы мүмкін, ал мекемеден

есептегіш көрсеткішін сұрайтын,

жинайтын қызметкерлер ауысып кетіп

отырады. Адам тұрмайтын үйден неге

су, жарыққа қарыз келіп тұр деген

сұрақ осыдан туындап отыруы мүмкін.

Сондықтан әрбір тұрғын ауданға

көрсеткіш жіберіп отыратын үнемі

бір телефон нөмір болса, контролер

ауысса да сол нөмір қалса дұрыс

болар еді. Өйтпесе қызметкерлер

екі-үш ай сайын ауысып кетсе кімге

жібереріңді білмейсің. Бұл енді

мекемелердің реттейтін жұмысы.

6. Төлеген ақшам қайтадан неге

қарыз болып шығып тұр?

Бұл қаржының түскен, есептеуге

жаңарту жасалатын күніне байланысты

деген айтылды. Бірақ, мысалға Кас-

пийде қаржы салсаң, не алсаң, хабар-

ламасы сол бойда секунд болмай

келіп тұрады. Ендеше "Алсеко"

жүйесінде ондай бірден жаңарту

неге жасалмаған, неге жасамайды

деген де айтылды. Иә, коммуналдық

төлемге Каспийден қаржың түскені

көрініп тұрады, бірақ ол коммуналдық

тарифтерден жаңарту жасалғасын

көрінесе қаржым түспеген ба деген

сенімсіздік, күмән туады. Сондықтан

бұл жаңарту мәселесі де шешілуі тиіс.

7. Мысалға кей адамдар бұрын

Каспиймен шөп келтirse, ақпан

айынан ол төлеп отырған, яғни қазір

сол айлардың жиналған қаржысы

бірден келеді, ал оны бірден төлеуге

кейде халықтың шамасы келмей қалуы

мүмкін және көп сома болғасын тағы

түсінбестік болуы мүмкін.

2-бетте

Облыстық энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Медет УСАИН:

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНА ТӨЛЕМ НЕГЕ ҚЫМБАТ?

- Өздеріңізге мәлім, энергия энергиясын тұтыну көлемі қыс мезгілінде көбірек болады. Сәйкесінше, жас мезгілінде де солай. Мысалы, маусым айының өзіндегі электр энергиясын тұтыну көлемі 104 млн. кВт. сағ болды. Шілде айында бұл көрсеткіш 121 млн. кВт. сағ артты. Тамыз айында 116.5 млн. кВт құрайды. Қыркүйек айында түскен көрсеткіш тамыз айына тиесілі. Көпшілік тарапынан түсінспеушіліктер болууда. «Күн салқын, ауа желдеткішті қоспаймыз, сонда да нәліктен көрсеткіш жоғары, төленетін ақша көп» делінген пікірлер мен түсінспеушіліктер жоқ емес. Қыркүйек айына тиесілі төлем көрсеткіші қазан айында жолданады. ҚРЭК мекемесінде 194 мың абонент болса, бұл кісілер бір уақытта бір күнде көрсеткішті түсіре алмайды. Көрсеткішті алу уақыты әр айдың 11-нен басталып, айдың соңында аяқталады. Әрі қарай көрсеткішті "Алсеко" мекемесіне өткізеді. Аталмыш мекеме оны 4-5 не дейін тұтынушыларға жолдайды. Тұтынушылар сол айдың 25- не дейін төлеуге мүмкіндіктері бар.

- Нәліктен «Алсеко» таңдалды?

- Ашық түрде Мемлекеттік сатып алу конкурсы аясында таңдалғанын айта кетейін. Біз өз тарапымыздан таңдау жүргізе алмаймыз. Олар да талапқа сәйкес қызмет түрлерін ұсынып, заң аясында әрі қарай жұмыс істеуге мүмкіндік алған. Қадағалаушы, құзырлы органдар өз тараптарынан барлық процессті бақылауға алған.

- Неге «Бірыңғай төлем құжатындағы» ақы банк қосымшасында бөлек көрсетіледі?

- Маусым айынан бастап коммуналдық мекеме тарапынан жарық және жылу бойынша шот беру тоқтатылды. Тазалық пен су жүйесі әлі тапсыруда. Алдағы уақытта тоқтатылады. Алда бір төлем жүйесі арқылы жұмыс жасау жоспарда бар. Сіз "Алсекоға" да, коммуналдық мекемеге де төлеген болсаңыз, төлеген төлем базаға түсті және сіздің қарыз емес екеніңіз дәлел бола алады. Артық қаржы аванс, яғни алдағы айға тиесілі төлем болып тұрады.

2-бетте

Қызылорда қалалық қоғамдық кеңес мүшесі Б.НҰРҚОЖАЕВ:

ҚАТЕЛІКТЕРДІ ЖӨНДЕУГЕ БОЛАДЫ...

8. Оған енді жылу маусымы басталғасын газ төлемі қосылады, ал ол аз қаржы емес. Қазіргі туын-даған дау ол кезде ойыншық болып қалуы мүмкін, жиында бұл да айтылды.

9. Көп адам "Алсеко" есебінде ПДФ форматта төлемнің әр сала бойынша есебі тұрғанын, жаққан квт, оның тарифі, сомасы, яғни квитан-циясы тұрғанын біле бермейді, мүмкін оны ашып қарау да кейбірінің қолынан келмеуі мүмкін, ол үшін ПДФ ашатын қосымша жүктеп алу қажет, ол телефонмен оңай.

10. Егер халық "Алсекоға" өтіп, қалғаны бұрынғыша төлем жасай-мыз десе тағы былық болмай ма? Өйткені шот екі жақтан да келуі мүмкін ғой, желіде мысалға "Тазалық" та, "Алсеко" да шот жіберіп отыр, қайсысына төлейміз деген сұрақтар болды.

11. Адам тұрмайтын үйге неге жарық, суға төлем келіп отыр? Бұл мәселе де әрбір абонент бойынша нақты есептеліп шешілуі тиіс.

Міне осы мәселелердің бәрі айтылды.

Біз бәрібір осындай бір көзден төлейтін цифрлы жүйеге өтетін сияқтымыз, өйткені ол басқа да қалаларда енгізіліп отыр.

12. Қазір "Алсеко" қызметіне тұрғындардан немесе тариф арқылы сома қосылып отырған жоқ, бірақ кейін тариф қарау кезінде ол ұсынылуы мүмкін екендігі КРЭК басшысы хабарламасында айтылды. Осы ретте ол өзге өңірлерде қаншамен қосылып отыр және әр мекемеге байланысты тарифке қосылуы мүмкін бе деген сұрақ туындайды. Оған жауап, "Алсеко" қызмет ақысы барлық мекемеге жазылған бір квитанцияға ғана алынады, яғни бұрынғы 3 мекемеге төлеген қызметке, квитанцияға ақы алынса, енді ол үшке бөлінуі керек шығар. Бұны енді антимонополия тариф қарау барысында ескеру қажет.

Облыстық энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы
Медет УСАИН:

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНА ТӨЛЕМ НЕГЕ ҚЫМБАТ?

Тағы бір мәселе, халық арасында екі бөлмелі пәтерде тұрса да төлем құны 20 мыңға жуық көрсеткішті көрсетіп тұр, ал жеке тұрғын үйде тұратындардың көпшілігіне 10 мыңға жетер-жетпес ақша көлемін шығарған деген де пікірлерді естудеміз. Бұл жерде мәселе есептегіштің көрсеткішімен анықталады.

- Неге электр энергиясы үшін қос тарифпен төлейміз?

- «Сараланған тариф» бойынша бір үйде тіркелген әр адам басына пайдалану көлем бойынша берілген. Мысалы, бір үйде 10 адам тұратын болса, әр адам басына 30 күнге 70 кВт, 27 теңге тарифпен беріледі. Одан кейін бір адам басына 80 кВт 35,44 теңгеден беріледі. Ал жалғыз адам тұратын үйде бір айда 300 кВт жағатын болса, оның 70 кВт 27 теңгемен есептеледі, 80 кВт 35 теңгемен, қалғаны 44 теңгемен есептеледі. «Орташа босату» тарифі 29,55 теңге болып есептеледі. Орташа босату тарифімен 1 кВт жақсаңыз да, 1000 мың кВт жақсаңыз да осы бір бағамен есептейді. Тарифті таңдау тұтынушының құқығында. Қай тариф сізге тиімді соны тандайсыз. Үйіңізде адам саны көп болатын болса, төменгі лимиттегі тарифті таңдауға болады. Әр адам басына 70 кВт-тан 1 айда 700 кВт пайдалана аласыз. Болмаса басқаша тарифпен төлеймін десеңіз де өз тандауыңыз.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІНЕ ШАҚЫРАДЫ

Әр қазақстандықтың зейнетақы жинақтары – тиімді басқаруға болатын қаржылық ресурс. «БЖЗҚ» АҚ (БЖЗҚ, Қор) салымшылары өз жинақтарының кірістілігіне дербес ықпал ете алады. Ол үшін зейнетақы жинақтарының инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) беру мүмкіндігі бар. ИПБ зейнетақы активтерін кіріс алу мақсатында инвестициялық декларацияда көзделген акцияларға, облигацияларға, валютаға және басқа да қаржы құралдарына инвестициялайды.

БЖЗҚ Қазақстан халқының қаржылық-құқықтық сауаттылығын арттыруға ерекше көңіл бөледі. Жыл басынан бері Қор 600 мың адамды қамтыған 30 мыңға жуық ақпараттық кездесу өткізді, сондай-ақ 220 мыңнан астам өтінішті қарады.

2026 жылғы қыркүйектің 17 күні сағат 11:00 және 14:00 «БЖЗҚ» АҚ барша ниет білдірушілерді «Салымшылардың өз зейнетақы активтерін басқаруға қатысуы және инвестициялық портфельді басқарушы компаниялар туралы ақпаратты өз бетінше алуға арналған invest.enpf.kz порталы» тақырыбында өтетін кезекті Ашық есік күніне қатысуға шақырады. Іс-шара офлайн форматта өтеді.

Енді не істемек керек?

1. Ең бастысы халық "Алсекоға" төледі ме, егер ондағы көрсеткіш есептегіштен артық болса, немесе тұрғын оған сенбей, солай деп тапса және оған нақты есептегіш көрсеткішімен дәлелі болса,



ЖҮЙЕДЕ ӘЛІ ДЕ ҚАНДАЙ МӘСЕЛЕЛЕР БАР?

ҚАЗІР МАМАНДАР БІРНЕШЕ МӘСЕЛЕНІ ШЕШУДІ КӨЗДЕЙДІ.
АТАП АЙТҚАНДА, ТӨЛЕМ ҚҰЖАТТАРЫН АЙ ІШІНДЕ ҚАЙТА ЖАҢАРТУ;
ТІКЕЛЕЙ ТӨЛЕМДЕРДІ БІРЫҢҒАЙ ҚҰЖАТҚА КЕЗЕҚ-КЕЗЕҢІМЕН КӨШІРУ;
ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ МЕКЕНЖАЙ ДЕРЕКТЕРІН БІРІЗДЕНДІРУ ҚАЖЕТ

КРЭККЕ, не Горсөтьке, неме-се "Су жүйесі", "Тазалық" меке-месіне барып сандалып, оны ДӨЛЕЛДЕП ЖҮРМЕУІ КЕРЕК. Оны сол шот жіберген "Алсекоға" дәлелдеп, ал "Алсеконың" өзі газ, свет, су мекемелерімен растығын дәлелдеп, қайта есеп жасайтын жүйе жасауы тиіс. Онсыз бұл бір төлем жүйесі халықты сандалтпаса, уақытын үнемдемейді.

2. Сонымен қатар қайта есептеу мекеме абоненттерінде туындаған мәселелерді шешу үшін сол сұрақ туындаған мекемелер мен "Алсеко", соның ішінде жоғарыдағы мекенжай қателіктері, адам тұрмайтын үйдің жарығы мен суына неге төлем келіп тұр деген сияқты мәселелерді дереу бірлесіп шешуді қолға алу қажет.

Бұл жерде Қызылордада "Алсеконың" офисі жоқ, яғни жүйе толық цифрлық форматта,

сондықтан туындаған мәселелерді шапшаң шешу үшін бастапқы кезеңде чат бот сияқты мәселе шешетін ортақ орын болуы керек. Мүмкін ол жедел желі бола ма, не болғанда да реттеп жолға қоюға жұмыс жасалуы тиіс.

3. Сонымен қатар "Алсеко" қосымшасын, ондағы шот тал-дауларын қалай көруге, қолдануға болатыны жөнінде халыққа түсінікті тілде жеткізілуі тиіс.

Облыс әкімі нақты осындай тапсырмалар берді.

4. Тұрғындар үйде қанша адам тіркеліп тұрған анықтамасын алып, тіркету қажет, немесе шоттан көп, аз жағатынына қарап өзіне тиімді тарифты таңдап алуы қажет. Міне осы мәселелерді реттеп отыру үшін барлығы қатысқан, проблемалық мәселелерді жедел шешетін телеграм бот қажет.

Бұл жүйенің артықшылықтары қандай?

1. Егер жоғарыдағы мәселелер шешілсе бір төлеммен және бір жерден барлық тарифтер мен төлемдерді көріп отыруға болады.

2. Мекемелерге түсіп жатқан қаржыны бақылау, бір жерден есеп айырысу мүмкіндігі бар.

3. Мекемеде Абоненттік касса, есеп айырысу қызметтерін ұстап отыру қажеттігі жоқ.

4. Қосымшадағы тарихтан қай кезде қанша пайдаланғаныңызға қарап, көріп қаржы жоспарлау, анализ жасау мүмкіндігі бар.

"Алсеко" мен коммуналдық мекемелер, Басқармалар бірлесіп жасауы тиіс, өйтпесе тұрғындар тарапынан бұл жүйе жалпы керек пе деген сұрақ та туындауы мүмкін.. Көбісі қазір көреп жоқ дейтіні сөзсіз, бірақ жүйе енгізіліп қойылды, цифрлы жүйе барлық өңірлерде енгізілетін болса біз бәрібір оған көшуімізге тура келе-ді. Екіншіден біз жаққан, қолдан-ған су, жарық, жылу қарызын бәрібір төлейміз, ал егер қате шот болса оны жөндеуге болады.

«Алсеко» АҚ коммерциялық директоры Алексей БОЗЖАНОВ:
МЕКЕНЖАЙЛАРДЫ БІР ФОРМАТҚА ЕНГІЗУ КЕРЕК

- Күн тәртібіндегі өзекті мәселенің бірі мекенжайларды бір форматқа енгізу. Әр қызмет көрсету түрлерін бір базаға жинақтау керек. Төлем құжаттарын ай ішінде қайта жаңарту, коммуналдық қызметтер бойынша тікелей төлемдерді бірыңғай төлем құжатына ретімен көшіру жұмыстары қазіргі жоспарымызда тұр. Құжат бойынша тікелей біз жауаптымыз, облыс әкімі де халыққа көрсетілетін қызмет түрін сапалы әрі түсінікті болуды тапсырды. Коммуналдық төлемдерді бөлек жүргізбей, бір жүйеге біріктіруіміздің өзі халыққа қолайлы жағдай жасаудың тәсілі болатын. Осы негізде арнайы жоспармен әр коммуналдық мекемелердің басшыларымен бірлесіп жұмыс жасап жатырмыз.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІН УАҚЫТЫЛЫ РӘСІМДЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН ЕСКЕРТЕДІ

«БЖЗҚ» АҚ (БЖЗҚ, Қор) міндетті зейнет-ақы жарналары (МЗЖ) және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары бар, жалпыға белгіленген зейнеткерлік жасқа толған, сондай-ақ мерзімсіз уақытқа бірінші және екінші топтағы мүгедектік белгіленген адамдардың **БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін** белгіленген кесте бойынша **алуға құқығы бар** екенін еске салады.

Еске сала кетейік, жасына байланысты зейнетақыны жалпыға белгіленген зейнеткерлік жасқа толған адамдар ала алады: ерлер 63 жасқа, әйелдер 2026 жылы 61 жасқа толғанда.

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері зейнетақы жинақтары толық таусылғанға дейін жүзеге асырылады. БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін зей-неткерлік жасқа толуына байланысты тағайындату үшін алушылар тұрғылықты жері бойынша Халыққа қызмет көрсету орталығына (ХҚКО) **уақытылы жүгінуі қажет. Алушы зейнеткерлік жасқа толғанға дейін 10 күн бұрын** ХҚКО-ға өтінішпен бірге қажетті құжаттарды тапсыра алады. Осы мерзімді қатан сақтауға кеңес береміз, өйткені бұл мемлекеттік зейнетақыны алу үшін аса маңызды. Оны тағайындау кезінде ұсынылған құжаттар бойынша еңбек өтілін тексеру талап етіледі.

Зейнетақы **өтініш берілген күннен бастап** тағайындалады. Бұл ретте БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін тағайындауға өтініш зейнеткерлік жасқа толғанға дейін берілген жағдайда, өтініш берген күн зейнеткерлік жасқа толған күн болып есептеледі. Ал зейнеткерлік жасқа толғаннан кейін жүгінген жағдайда, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясында өтініштің тіркелген күні өтініш берген күн болып есептеледі.

Сонымен қатар, телефон нөмірлері eGov мобильді азаматтар базасында тіркелген болашақ зейнеткерлерге 1414 нөмірінен зейнеткерлік жасқа толуына 2 ай қалғанда SMS-хабарлама жіберіледі. Хабарламада зейнетақы төлемдерін уақытылы тағайындату үшін жақын жердегі Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне жүгінуге болатыны туралы ескертіліп, egov.kz сайтындағы қажетті құжаттар тізбесінің сілтемесі көрсетіледі. Яғни зейнетақы төлемдерінің белгіленген мерзімде рәсімделуі үшін мемлекеттік органдар тиісті хабарламалар жібереді, өйткені өткізіп алған кезең үшін төлемдер тағайындалмайды.

Сонымен бірге, зейнеткерлік жасқа толған, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар, бірақ олар

«ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК АУДИТІНІҢ МАҚСАТЫ»

Ағымдағы жылдың 8-ші қыркүйегінде Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті қаржылық есептілік аудиті бөлімінің бас маман-мемлекеттік аудиторы Маханбетжанова Ақтоғы Жанбырбаевна «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Қаржылық есептілік аудитінің мақсаты» тақырыбында семинар өткізді. Семинар барысында қаржылық есептілік аудитінің мәні мен маңызы, оның негізгі мақсаттары мен міндеттері жан-жақты талқыланды. Атап айтқанда, аудиттің негізгі мақсаты қаржы жағдайы, қаржы жағдайындағы өзгерістер мен қызмет нәтижелері туралы толық және анық ақпарат беру бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктіңдұрыстығы мен анықтығын тексеру, ұйымның қаржылық-шаруашылық қызметіне объективті баға беру, сондай-ақ мүдделі тараптарға сенімді ақпарат ұсыну керек екендігі түсіндірілді.

Сонымен қатар, мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік қызметтер мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуын, қаржыландыру жоспарының орындалу барысын, ұйымдармен, мемлекеттік мекемелермен және тұлғалармен есеп айырысудың жағдайын, ақша қаражаты мен материалдық құндылықтардың сақталуын бақылау үшін толық және нақты ақпаратпен мемлекеттік мекемелерді бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қамтамасыз етуі тиіс екендігі айтылды.

Қаржылық есептілік аудиті Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2025 жылғы 15 мамырдағы №230 бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын, кезеңділігін және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №272 бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есптілік аудиті» рәсімдік стандарттары, «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 мамырдағы № 223 бұйрығының талаптарына және ұсынылған құжаттарға сәйкес жүргізілетіндігі атап өтілді.

Семинарға қатысушылар белсенді түрде пікір алмасып, қойылған сұрақтарға жауаптар алды. Бұл іс-шара тыңдаушылардың кәсіби біліктілігін арттыруға және аудит саласындағы теориялық әрі практикалық білімдерін тереңдетуге ықпал етті.

А.МАХАНБЕТЖАНОВА

Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің Қаржылық есептілік аудиті бөлімінің бас маманы,мемлекеттік аудиторы

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 29.12.2015 жылғы № 153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығына және Қазақстан Рес-публикасының 18.11.2015 жылғы № 410 V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, **Қызылорда қаласының жұмыспен қамту және әлеу-меттік бағдарламалар бөлімінде** азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242)40-04-84 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» № 153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес **«Қызылорда қаласының Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде** 8 (7242) 21-33-21 «Сенім телефоны» жұмыс жасайтынын және Қарауылтөбе ауылдық округі әкімімен азаматтарды жеке мәселе-лерімен қабылдау әр аптаның сәрсенбі күні сағат 15.00-ден 19.00-ге дейін жүргізілетіндігін хабарлайды.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

В соответствии с Указом Президента Казахстана от 29.12.2015 года № 153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18.11.2015 года № 410 V «О противодействии коррупции» прием граждан по личным вопросам **в отделе занятости и социальных программ города Кызылорда** ежедневно с 9.00 до 19.00 часов, время перерыва с 13.00 до 15.00 и телефон доверия 8(7242)40-04-84.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек. Сурет сапасына редакция жауап бермейді

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru)	ТАРАЛЫМЫ: 4000	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп	Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.	Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11	№14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж	Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49	Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН		Газет аптасына бір рет жарық көреді	Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы	Сурет сапасына редакция жауап бермейді
			Тапсырыс	

ТОҚАЕВТЫҢ КІТАБЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қызылордадағы “Студенттер сарайында” Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әділетті қоғамға – шыншыл сөз» атты кітабын талқылауға арналған өңірлік дөңгелек үстел өтті.

Алқалы жиынды облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет жүргізді. Оған зиялы қауым, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғылыми-академиялық орта өкілдері, заңгерлер мен белсенді жастар қатысты.



Жиында Мемлекет басшысының еңбегінде көтерілген негізгі тақырыптар, қоғамдық-саяси, әлеуметтік, рухани-адамгершілік мәселелер мен ел дамуының стратегиялық бағыттары жан-жақты талқыланды.

Мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бақтиярұлы «Әділетті Қазақстан, Таза Қазақстан, халықаралық саясат» атты баяндамасында еліміздегі жүйелі реформалар, қоғамдық жауапкершілік және экологиялық бастамалардың өзара сабақтастығына тоқталды.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы – ректоры, облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Наурызбай Байқадамов өз баяндамасында бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастырудағы сапалы білім, ғылым мен тиімді мемлекеттік басқарудың маңызын атап өтті.

Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының төрағасы Қаршыға Есімсейітова «Тарих, мәдениет және руханият туралы пайымдар» тақырыбында ұлттық құндылықтарды сақтау, тарихи сананы жаңғырту және рухани сабақтастық мәселелерін ортаға салды.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры, заң ғылымдарының кандидаты Ақзада Мадалиева «Конституция және Заң мен Тәртіп» тақырыбындағы баяндамасында құқықтық мемлекетті нығайту, заң үстемдігін қамтамасыз ету және азаматтық жауапкершілікті арттыру мәселелерін саралады.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің философия докторы (PhD) Серікхан Жүзеев «Жастарға арналған ойлар: білім, еңбек, жауапкершілік және болашақ» тақырыбында сөз сөйлеп, жас ұрпақтың бойында білімге ұмтылыс, еңбекқорлық, отаншылдық және жауапкершілік құндылықтарын қалыптастырудың маңызын атап өтті.

Дөңгелек үстелге қатысушылар Мемлекет басшысының еңбегіндегі әділеттілік, заң үстемдігі, ашықтық, адал еңбек пен жауапкершілік қағидаттарының қоғам дамуындағы маңызын жан-жақты талқылады.

Пікір алмасу кезінде «Заң мен Тәртіп» қағидатын қоғамдық санада орнықтыру, ұлттық руханиятты дамыту, білім мен ғылымның беделін арттыру, жастарды адал еңбек пен азаматтық жауапкершілікке баулу бойынша ұсыныстар айтылды.

Жиын Мемлекет басшысының еңбегінде көтерілген бастамалар мен құндылықтарды қоғамда кеңінен насихаттауға, ел болашағына қатысты өзекті мәселелер төңірегінде мәзмұнды пікір алмасуға мүмкіндік берген маңызды диалог алаңына айналды.

ҚҰМКӨЛ: ҚАРА АЛТЫН ШЕЖІРЕСІ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаевтың қатысуымен Мұнайшылар күні аясында «Құмкөл» кен орнының өнеркәсіптік игерілуінің 40 жылдығына арналған «Құмкөл: Қара алтын шежіресі» атты салтанатты шара өтті.

Аймақ басшысы мұнай саласының ел экономикасындағы маңызын атап өтіп, мамандарды кәсіби мерекемен құттықтады.

– «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Мұнай-газ саласы – экономикамыздың тірегі, еліміздің қарқынды дамуының кепілі. Мемлекет әрқашан энергетика саласының әлеуетін арттыруға, жана кен орындарын игеруге және сала жұмысшыларының мүддесін қорғауға ерекше көңіл бөледі» деп атап өткен болатын. Бұл сала мемлекеттік бюджеттің басым бөлігін қалыптастырып, ірі инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруға және әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Еліміздің экономикалық әлеуетін арттыруда Қызылорда облысындағы мұнай компанияларының, онда еңбек ететін мұнайшылардың үлесі зор.

Сіздер тек Қызылорданың игілігіне ғана емес, тұтас мемлекеттің көркеюіне, экономикалық өркендеуіне, әлеуметтік тұрақтылығына атсалысып келесіздер», – деді Мұрат Ерғешбаев.

«Құмкөл» кенішін игеру туралы шешім осыдан қырық жыл бұрын қабылданып, кен орны өндіргі өндірістің өзегіне айналды. Облыс мұнайлы аймаққа айналу жолында қалыптасу, даму кезеңдерінен өтті.

Өңірде мұнай компанияларының қолдауымен әлеуметтік нысандар салынып, инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобалар жүзеге асуда. «ҚазГөрмұнай» компаниясының демеушілігімен «Оқушылар сарайы», «Саутс Ойл» компаниясының қолдауымен музыкалық колледж ғимараты жатақханасымен бірге салынды. Ал «Петро-Казакстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ-ы жыл сайын қайырымдылық шараларына 150 млн.

теңгеден астам қаржы бөліп келеді.

Мұнай компаниялары қоршаған ортаны қорғауды басты назарда ұстап, зиянды қалдықтарды ауаға таратпау, жасыл технологияларды өндіріске енгізу бағытында маңызды жобаларды жүзеге асырды. Жаңа кеніштерді анықтау мақсатында шөгінді бассейндерді зерделеу қарастырылған. Арал шөгінді бассейнінде геологиялық зерттеу жұмыстары 2024 жылдың желтоқсан айында аяқталып, шамамен 1,1 млрд.тонна көмірсутек қоры анықталды. Ал, Сырдария шөгінді бассейнін зерттеу жалғасуда. «СаутсОйл» компаниясы тактатас мұнайын дәстүрлі емес тәсілмен өндіру үшін дайындық жұмыстарын бастады.

Салтанатты шарада «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасы Асхат Хасенов, «CNPC Central Asia» және «CNPC Kazakhstan» компанияларының бас директоры Ян Миньой, «ПетроКазакстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ президенті Чэнь Даю құттықтау сөз сөйледі.

Мұнай-газ саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі мен өндірістік қызметтегі жоғары жетістіктері үшін сала мамандары мемлекеттік және салалық марапаттарға ие болды. Атап айтқанда, мұнайшыларға «Құрмет» ордені, Қызылорда облысының Құрмет грамотасы, ІІІ дәрежелі «Еңбек даңқы» ордені, «Үздік мұнайшы» төсбелгісі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ естелік белгісі мен Құрмет грамотасы, «CNPC Kazakhstan» компаниясының Құрмет грамотасы, сондай-ақ «Құмкөл» кен орнының 40 жылдығына арналған мерейтойлық медаль табысталды.

Мерекелік шарада көрермендерге арнайы концерттік бағдарлама ұсынылып, ән мен күйден шапшы шашылды. Эстрадалық-симфониялық оркестр, «Сыр самалы» вокалдық-аспапты және «Томирис» би ансамбльдері өнер көрсетіп, көп мәзмұнын аша түсті.

Қызылорда қаласындағы «Қарауылтөбе» ауылдық округіндегі «Дала күні – 2026» іс-шарасында Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының егіс алқабына алғашқы орақ салу рәсімі өтті.

Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ермек Кенжеханұлы, Су ресурстары және ирригация вице-министрі Жандос Салимов, Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығының басқарма төрағасы Бауыржан Асанов, министрлік өкілдері, еліміздің жетекші ғылыми-зерттеу институттарының басшылары, қала және аудан әкімдері, облыстық басқармалар мен департаменттердің басшылары, су шаруашылығы мекемелері мен шаруа қожалықтарының төрағалары, қаржы институттарының өкілдері қатысты.

«ЖАҚАЕВТЫҢ» ЕГІС АЛҚАБЫНА ОРАҚ ТҮСТІ

Аймақ басшысы еңбеккерлерді құттықтап, биылғы жауапты науқанға дайындық барысында атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– «Сыр елі – ежелден диқаншылық дәстүрі орныққан берекелі өңір. Ақ күрішімен аты шыққан аймақ бүгінде еліміздің азық-түлік қауіпсіздігіне елеулі үлес қосып келеді.

Жиында Ауыл шаруашылығы, Су ресурстары және ирригация вице-министрлері, Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығының басқарма төрағасы, облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев, «Ер-Өлі» шаруа

қожалығының төрағасы Әліби Бекжанов сөз сөйлеп, саладағы өзекті мәселелерге қатысты өз пікірлерін білдірді.

Басқосуда ала жаздай аптап ыстықта маңдай терін төгіп, ел ырысын еселеген мәртебелі еңбек адамдары марапат төрінен көрінді.

Атап айтқанда бірқатар азаматқа «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалі, облыс әкімінің Алғыс хаты, Ауыл

шаруашылығы министрлігінің «Еңбек ардагері», «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгілері және Құрмет грамотасы, Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Су шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісі мен «Құрмет грамотасы» табысталды.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы жаһандық азық-түлік нарығында бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін ғылымды дамытуды, соның ішінде тұқым шаруашылығын жандандыруды атап өткен болатын.

Басты міндет – дәстүрлі саланың әлеуетін заманауи технология, ғылым және инновациямен сабақтастырып, су ресурстарын тиімді пайдалану арқылы мол өнімге қол жеткізу. Бұл ретте мемлекеттік қолдау мен ғылым мүмкіндігін шаруалардың тәжірибесімен ұштастыру маңызды. Барша диқан қауымын күрішке орақ түсуімен құттықтаймын! Еңбектеріңіз берекелі болып, ақ күріштен мол өнім жиналсын. Сыр өңірінің ырысы арта берсін!», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты – күріш селекциясымен және тұқым шаруашылығымен айналысатын бірегей аграрлық ұйым. Биыл институттың материалдық-техникалық базасын жаңғыртуға республикалық бюджеттен 4,2 млрд. теңге бөлініп, заманауи селекциялық техникалар мен тұқым зауыттары алынды. Бұл тұқым шаруашылығының дамуына, оның ішінде отандық күріш сорттарының сапасы мен егіс көлемінің артуына оң әсерін тигізері сөзсіз.

Жиында ауыл шаруашылығы техникаларының көрмесі ұйымдастырылып, қатысушылар заманауи техникалармен және олардың мүмкіндіктерімен танысты.

Қабылданған жүйелі шаралардың нәтижесінде вегетациялық кезең тұрақты өтіп, егіс алқаптары жоспарға сәйкес сумен қамтамасыз етілді. Одан бөлек, су үнемдеу технологияларын қолдауға 2026-2028 жылдарға 34 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінді.

Мемлекет басшысының суды тұрақты өтіп, егіс алқаптары жоспарға сәйкес биыл күріш алқабы қысқартылып, 70 мың гектарға егілді. Су үнемдеу технологияларын енгізу және әртараптандыру бағытында ірі инвестициялық жобалар қолға алынды.

«АБЗАЛ И К»-НЫҢ КҮРІШ ӨҢДЕЙТІН ЖАҢА ЗАУЫТЫ



«Абзал и К» серіктестігінің толық автоматтандырылған күріш өңдеу зауыты іске қосылды. Бұл – өңірдің өңдеу өнеркәсібін дамытудағы ірі жобалардың бірі. Заманауи кәсіпорынға 1 млрд. теңге қаржы салынған, өндірістік қуаты 2,5 есе артып, қалдық көлемі 3-4%-ға дейін азайды. Зауыт сағатына 12 тонна күріш өңдеуге қауқарлы.

Компания Сырдария ауданында 3 мың гектарға жуық күріш егіп, өндірілген өнімді өз кәсіпорнында өңдеп, ақталған күріш және дайын өнім түрінде нарыққа шығарады. Өндірістік процесс толық цифрландырылып, барлық технологиялық кезең автоматтандырылған

Жалпы биыл Қызылорда облысында ауыл шаруашылығы дақылдары 193,7 мың гектарға егілді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес күріш алқабы өткен жылмен салыстырғанда 10,9 мың гектарға қысқарып, биыл 70,1 мың гектар болды.

Аймақта күріш жинау жұмыстары қарқын алды.Қызылорда республикадағы күріш өндірісінің негізгі орталығы саналады. Еліміздегі күріштің шамамен 90 пайызы осында өндіріліп, 35-40 пайызы экспортқа бағытталады.

«ROCA GROUP» КОМПАНИЯСЫНЫҢ ӨНДІРІСТІК ЖОБАЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев «Roca Group» компаниясының басшысы Даниэль Эрнандеспен кездесті. Кездесуде санитарлық-техникалық бұйымдар зауытын салу және компанияның өндірістік жобаларын жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Зауыттың эскиздік жобасы таныстырылды. Жобаны іске асырудың негізгі кезеңдері, нысанды орналастыру, қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету және өндірісті ұйымдастыру жайы нақтыланды.

Биыл тамыз айында Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевтың облысқа жұмыс сапары кезінде жыл соңына дейін есмелетпйдер мен инсталляциялық жүйелерді құрастыру желісін іске қосу жоспарланғаны айтылған болатын. Осы ретте компания басшылығы осы жылдың соңында құрастыру желісі іске қосылатынын атап өтті.

ҰСТАЗЫНАН ШӘКІРТ ОЗДЫ

Бауырлас Қырғыз елінде өткен Көшпенділер ойыны аясында қазақ-қырғыз ақындарының VI халықаралық айтысы ұйымдастырылды. Оған екі елден 16 ақын қатысып, үш күн бойы сөз сайысының көрігін қыздырды.

Қазақ-қырғыз айтысының тамыры тым тереңде жатыр. Көршілес екі елдің ынтымағы мен татулығын, бірлік-берекесін жырлаған Сүйінбай мен Қатаған, Жамбыл мен Тоқтағұл ақындардың дәстүрі бүгінге дейін жалғасып келеді.

Қырчын жайлауындағы аламанда Сыр елінің қос ақыны Мейірбек Султанхан мен Мұхтар Ниязов бас жүлде мен I орынды қанжығаға байлады.

Ұстаз бен шәкірт дәстүр сабақтастығын жалғап, алыптардың айнымас достығын, татулығын, сыйластығын жырлады.



КӨПКЕ ҮЛГІ АУЫЛДЫҢ ЕРЕКШЕ ТОЙЫ...

Ауылдан шыққан елге белгілі азаматтар мен еңбек адамдарының өмір жолы мен еңесін насихаттау мақсатында кітап көрмесі қойылды. Көрме арқылы туған өлкенің тарихында өзіндік із қалдырған тұлғалардың есімі ұлықталып, олардың ел дамуына қосқан үлесі кеңінен таныстырылды.

Мерекелік шара аясында «Құрақтың Досжаны» атындағы халық-ұлт аспаптар оркестрі өнер көрсетіп, ұлттық музыканың құдіретін дәріптеген тағылымды концерттік бағдарлама ұсынды.

Сондай-ақ ауылдың қалыптасу тарихын кеңінен насихаттау, елді мекеннің өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан еңбек адамдарының еңегелі жолын дәріптеу және кейінгі ұрпаққа тағылымды тарихты жеткізу мақсатында «Еңбектің құдіреті – ер атандырар» атты ғылыми – танымдық конференция өтті.



Тағылымды басқосуда облыс әкімінің кеңесшісі Руслан Рүстемов мерекемен құттықтап, аймақ басшысының құттықтау жеделхатын жеткізді.

Басқосуда ауылдың тарихы, оның қалыптасуы мен әлеуметтік-экономикалық дамуы, ауыл шаруашылығы саласындағы жетістіктері және ел игілігі жолында аянбай еңбек еткен азаматтардың өмір жолы кеңінен сөз болды.

Конференция барысында Сырдария ауданының Құрметті Азаматы, ардагерлер кеңесінің төрағасы Төребек Жұмабекұлы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Алма Нағиқызы, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, Сырдария ауданының Құрметті Азаматы Ибдулла Айғалиұлы, Қазақстанның Еңбек Ері, Қызылорда облысының және Сырдария ауданының Құрметті Азаматы Абзал Ералиев сөз сөйлеп, елді мекеннің өткені мен бүгінін сабақтастырған пікірлерін ортаға салды.

Сондай-ақ тарих ғылымдарының кандидаты Нұрлыбек Мыңжасов қорытынды сөз сөйлеп, басқосудың маңызына тоқталды. Жиын барысында бірқатар азаматтарға Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Басқарма төрағасы – Ректорының «Алғыс хаттары» табысталды.

Мерейтой аясында елді мекеннің қалыптасуы мен өркендеуіне, әлеуметтік-экономикалық дамуына және қоғамдық өміріне елеулі еңбек сіңірген азаматтар Нағи Ілиясов ауылының 60 жылдығына арналған мерекелік медальдармен марапатталды.

Ауылдың 60 жыл толуына орай ұйымдастырылған мерейтой соңы мерекелік гала – концертке ұласты.

Гала-концертте аудан әкімі Берік Сәрменбаев, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев жұртшылықты мерекемен құттықтап, ізгі тілектерін жеткізді.

Салтанатты кеште ауылдың өткені мен бүгін сабақтасып, елге еңбегі сіңген азаматтарға құрмет көрсетілді. Мерейтой аясында елді мекеннің қалыптасуы мен өркендеуіне, әлеуметтік-экономикалық дамуына және қоғамдық өміріне елеулі еңбек сіңірген азаматтар мерекелік медальдармен марапатталды.

Сондай-ақ сахна төрінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, танымал әнші Жеңіс Ысқақова, эстрада жұлдыздары Қуандық Рахым, Жандос Қаржаубай, Sadraddin, Raim және басқа да өнер иелері сахна көркін қыздырып, ауыл тұрғындары мен қонақтарына көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Кеш барысында өсем әндер шырқалып, көпшілікке көтеріңкі көңіл күй мен ерекше әсер сыйлаған мазмұнды концерттік бағдарлама ұсынылды.



P.S. “Той десе қу бас домалайды” дегендей аймақта ауылдар арасында қаладан кем емес нөмірі бірінші көрікті ауыл жасап, ауылдықтардың еңесін көтеріп жүрген ауыл иесі, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев осы мерейтоймен “Н.Ілиясов” ауылының мәртебесін де көтерді.



Ауылдың 60 жылдық мерейтойы аясында «Адал еңбек, алтын дәннің ордасы» атты республикалық ақындар айтысы өтті.

Аламан айтыста облыс әкімінің орынбасары Данияр Жаналинов мерейтоймен көпшілікті құттықтап, айтыскерлерге сәттілік тіледі. Ұлттық өнердің ұлы додасына өліміздің түкпір-түкпірінен танымал айтыскер ақындар мен жас таланттар қатысып, суырыпсалып, ауыл тақырыбында айтысты. Ақындар ел тарихы, туған жер тағылымы, еңбек адамының еңесі мен ауылдың әлеуметтік-экономикалық жетістіктерін де арқау етті.

Айтыстың мәні мен мазмұнын бағалауға қазылар алқасының құрамында Қазақстанның Халық жазушысы, «Құрмет», «Парасат», «Отан» ордендерінің иегері Жүрсін Молдашұлы Ерман арнайы келіп қазы болып қатысты.

Республикалық айтысқа Қарағанды облысынан Мақсат Аканов пен Дидар Қамиев, Павлодар облысынан Аспанбек Шұғатаев, Ақтебе қаласынан Аруана Кәрімбек, Астана қаласынан Рауан Қайдар, Түркістан облысынан Ахметрасул

қаласынан Нұрзат Қару қатысты.

Айтыс барысында ақындар ел бірлігі мен жер тұтастығын, туған өлкенің тарихы мен бүгінгі жетістіктерін жырлап, еңбекпен елге қызмет етудің маңызын көрерменге жеткізді. Өнерпаздардың ұтқыр ойы мен өткір сөзі, тапқырлығы мен шешендігі көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлады.



ақыны Нұрмат Мансұрға бұйырды. I-ші орын Қарағанды облысының ақыны Мақсат Акановқа, II-ші орын Павлодар облысының ақыны Аспанбек Шұғатаевқа берілді. Ал III-ші орынды Қызылорда облысының ақыны Бексұлтан Орынбасар мен Алматы қаласының ақыны Нұрзат Қару иеленді. Сондай-ақ айтысқа қатысқан өзге де ақындардың барлығына арнайы жүлде табысталып, 500 мың теңгеден ақшалай сыйақылар табысталды.

Ұлттық өнердің ұлағатын ұлықтаған айтулы шара Нағи Ілиясов ауылының 60 жылдық мерейтойының



Байанбай, Қызылорда облысынан Мейірбек Султанхан, Нұрмат Мансұр, Бексұлтан Орынбасар, Алматы

Қазылар алқасының шешімімен республикалық айтыстың Бас жүлдесі Қызылорда облысының

мазмұнын байытып, ел тарихы мен еңбек адамдарының еңесін дәріптеуге айрықша үлес қосты.

Той қонағы Марат Омаров:

РАХМЕТ САҒАН, БАТЫР АБЗАЛ!..

Нағи ауылының 60 жылдық тойына қатысып, өзімді сол ауылдың адамдарымен 60 жыл бірге өмір сүргендей әсерде болдым. Осы жасқа келгенше құдайға шүкір талай тойларды көрдік. Бірақ бұндай өркеніетке жетелеп, Қазақ еліне үлгі болатын тәрбиелік маңызы бар, ауылдағы танымды тарихи тойды алғаш көріп, ел басқарып жүрген Абзал Ералиев замандасыма және оның серіктеріне риза болып қайттым.

Тойға шақырылған қонақтардың барлығы десем артық болмас, «Батырлар ауылының» тойына риза болып қайтқанына сенімдімін.

Еңбеккерлердің тарихи көрмелері, салт-дәстүрімізге арналған қойылымдар, көрмелер, мұражай жәдігерлері, танымдық конференция, республикалық ақындар айтысы, қазақ жұлдыздарының ән кеші, жасалған қонаққа ерекше болды, оның барлығы бөлек әңгіме.

Конференция барысында осы ауылдың тумасы «желтоқсандық» өжет қыз Гүлбахарам Ешнияз «Берімізде осы ауылдан, Абзал замандасымыз сияқты, мектеп бітіріп, тәрбие алып шықтық. Бірақ ол ауылымыз дағдарыс жағдайында болған кезде туған жеріне көмектесуге қайтып келді. Көп адам біле бермейтін, қазір ұмытылып бара

жатқан жер дауына байланысты қиындықтарды бастан өткізді. Ауылымызды көтерді, гүлдendірді, басқа ауылдарға үлгі боларлықтай еңбек майданын ұйымдастырды.

Қаражатын шетелдің алтын сейфінде сақтамай, ауылының гүлденуіне жұмсады. Сол кездегі қарсы болған адамдардың ішінде менің де туыстарым бар еді. Солардың атынан кешірім сұраймын деп, Абзал Ералиевке ризашылығын білдіріп «Республикалық Желтоқсандықтардың қоғамдық ұйымының» атынан дайындалған «Алтын қыран» естелік сыйлығын тапсырды.

Тойда көптеген қызықты, мәнді, мағыналы іс-шаралардың куәсі болдық.

Той барысында Абзал замандасымыздың мына айтқан сөзі есімде ерекше қалып қойыпты. Ол – Бізді тәрбиелеген Алмагүл Божанова апай бастаған ұстаздарымыздың және осы үлгі боларлықтай жолды салып кеткен Нағи Ілиясов, Алдаберген Бисенов, Күләнда Әбдіраманова бастаған ата-аналарымыздың осы тойға келіп отырған ұрпақтарынына, елді қадір тұтып келген қонақтарға, мені осындай дәрежеге жеткізген еңбекші ауылдастарыма алғысым шексіз.

Кейде кешкісін ауылдағы балаларға арналған спорттық ойын алаңына барып, қатысып жүрген балалардың есебін аламын. Сананы телефон жайлап бара жатқан заманда балалардың ойын алаңындағы саны күннен-күнге өсіп келеді. Қазір 250-300-дей болды. Бұл көрсеткіш көбейген сайын біздің еңбегіміздің бос кетпегеніне шүкіршілік етіп қуанамын – деді.

Шынымен, балаларға салған ойын-сауық алаңының өзі сол балалардың көзімен бір қала!

Той осыдан 34 жыл бұрын осы ауылда тұрып, қызмет жасаған өзім сияқты мамандардың, қызметтік достардың, ауылдастардың сағынышты кездесу алаңы да болды.

РАХМЕТ САҒАН, БАТЫР АБЗАЛ!
ФБ парақшасынан

Мерейтойы аясында ұлттық құндылықтарды дәріптеп, ата дәстүрді ардақтауға бағытталған «Ұлттық мұра – ұрпаққа аманат» атты этноауыл ұйымдастырылды.

Этноауылда қазақ халқының салт-дәстүрі мен ұлттық мәдениетін дәріптейтін көріністер орын алып, көпшілікке халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұрасы таныстырылды.

Атап айтқанда, бесікке салу, айдар кесу секілді ұлттық салт-дәстүрлеріміз көпшілік назарына ұсынылып, олардың тәрбиелік мәні мен ұрпақ сабақтастығындағы маңызы кеңінен көрсетілді.

Сонымен қатар, этноауыл аумағында қазақтың ұлттық спорттық ойындары ұйымдастырылып, қатысушылар дәстүрлі ойындар арқылы ұлттық өнер мен салт-дәстүрге деген қызығушылықтарын арттырды.



«ПЕТРО ҚАЗАҚСТАН»: ҚАРА АЛТЫННЫҢ 40 ЖЫЛДЫҚ ТАРИХЫ

Мұнайшылар күні аясында «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамы Құмкөл кен орнының өнеркәсіптік игерілуінің 40 жылдығына арналған «Құмкөл: Қара алтын шежіресі» атты салтанатты шара өтті.

Мерейтой сәйкесінше облыс ғана емес республика көлемінде атап өтілді. Мұнайлы мекенде өндіріс алқабының негізі қаланғаннан қалыптасқанға дейін қолтанбасын қалдырған мұнайшылардың басын біріктіріп, оларға ізгі ілтипат пен жоғары құрмет көрсетуден бастау алды. Облыс орталығындағы шарада алдымен Өнер орталығының фойесінде ардагерлер өткен шаққа оралып, табиғат тарту еткен байлықты игеріліп бастаған кезеңдерді ескі суреттер арқылы сөйлетті. Құмкөлдің құрылуына сүбелі үлес қосып, негізін қалаған аға буын кездесіп, тарихты таразылады. Табиғат тартуын тиянақтап, аймақ басшысы мен компания басшыларының мерекелік тартуын қабыл алды.

Салтанатты жиында сөз алып, мұнайлы өлкенің мерейлі тойымен алғаш болып облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев құттықтады.

Қызылорда облысының әкімі Мұрат Ерғешбаев: **- «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Мұнай-газ саласы – экономикамыздың тірегі, еліміздің қарқынды дамуының кепілі. Мемлекет әрқашан энергетика саласының әлеуетін арттыруға, жаңа кен орындарын игеруге және сала жұмысшыларының мүддесін қорғауға ерекше көңіл бөледі» деп атап өткен болатын. Бұл сала мемлекеттік бюджеттің басым бөлігін қалыптастырып, ірі инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруға және**

әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Еліміздің экономикалық әлеуетін арттыруда Қызылорда облысындағы мұнай компанияларының, онда еңбек ететін мұнайшылардың үлесі зор. Сіздер тек Қызылорданың игілігіне ғана емес, тұтас мемлекеттің көркеюіне, экономикалық өркендеуіне, әлеуметтік тұрақтылығына атсалысып келесіздер! Мұнайшы мамандығы табандылықты, төзімдікті, кәсіби шеберлікті қажет ететін кәсіп. Қыстың қақаған аясында да, жаздың аптап ыстығында да мұнай өндіру ісін тоқтатқан емес. Сондықтан мұнайшылар күні - ең алдымен сол еңбекқор жандардың еңбегін бағалау мерекесі. Қызылорда өңірі - ғасырлық тарихы бар мекен ғана емес, еліміздің «қара алтын» ордаларының бірі. Сыр өңіріндегі мұнай дәуірі өткен ғасырдың ортасында геологиялық ізденістерден бастау алғаны белгілі. Мұнайшылар күнімен және «Құмкөл» кен орнының өнеркәсіптік игерілуінің 40 жылдық мерейлі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Сонымен қатар, «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ президенті Чэнь Даю тарапынан өндірісті алқапта қара алтынды игерген ардагер мұнайшыларға құрмет және бүгінгі мамандарға алғыс айтылды.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ президенті Чэнь Даю: - Құрметті, Әріптестер мен серіктестер! Сіздерді бүгінгі айтулы мерекемен құттықтаймын!

Барлығымызға ортақ қуаныш. Биыл Құмкөл кен орнының игеріле бастағанына қырық жыл толып отыр. Пайдалы қазбаны игеруде табанды еңбек еткен, әлі де еңбек етіп жүрген мұнайшылардың үлестері басым екенін атап өткен жөн болар. Компанияның бүгінгі табысы – кәсіби біліктілікке, өндірістік тәртіпке, әріптестік пен ортақ жауапкершілікке негізделген үлкен еңбектің нәтижесі. Ірі өндірісті нысанда мұнай игерген

Мерекелік кеште техника мен технологияны ер азаматтармен теңдей деңгейде меңгеріп, Құмкөл кенішін қалыптастыру мен бүгінге дейінгі сабақтастыққа куә болған нәзік жандылар туралы да сөз болып, сахна төріне шығарылып марапатталды. Артынша өн де арналды. Аталған салада айтулы еңбек еткен ардагерлер туралы кеңірек дәріптеліп, жас мамандардың бүгінгі мен келешегіне сенім білдірген жиында жергілікті өнерпаздар концерттік бағдарлама

орайда 2024 жылы Арал шөгінді бассейнінің шығыс және батыс учаскелерінде геологиялық зерттеу жұмыстары аяқталды. Сонымен қатар, Сырдария шөгінді бассейнінің кешенді зерттеу жұмыстары жалғасуда. Аталған жұмыстар алдағы уақытта жаңа перспективалы мұнай газ қорларын анықтауға, еліміздің, облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына сеп болмақ.

Алдағы уақытта Сыр мұнайының қалыптасқан тәжірибесі мен кәсібилігін негізге алып, жаңа кең орындарын іздеу мен перспективаларын арттыру көзделуде. Осы негізде мұнай саласының келешегі қалыптасып, еліміздің, аймағымыздың дамуына, өңірлік өнеркәсіптің алға ілгерілеуіне негіз болады.

Қуантарлығы, ел экономикасын өрге сүйрейтін аймақ ретінде танымал Қызылорда өлкесінің қойнауы қазынаға толы, бабадан қалған байлығы басым, бүгінгі мен келешегі ырысты несібеге толы. Бұл құндылықты қадірлеп, оны орынды игеру жолында еңбек еткен әр маманға қашан да жоғары құрмет көрсетілуі тиіс.

Өндіріс ашылғаннан бастап мұнай игерудің алғашқы қадамдарына куә болып, автоматтандырылған жүйені жөнге келтіріп, заман талабына сай цифрлық әдісті меңгеріп, үш дәуірді қамтыған мұнайшылар мерейлі мереке қарсаңында марапатсыз қалмады. Мұнайшыларға «Құрмет» ордені, Қызылорда облысының Құрмет грамотасы, III дәрежелі «Еңбек даңқы» ордені, «Үздік мұнайшы» төсбелгісі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ естелік белгісі мен Құрмет грамотасы, сондай-ақ «Құмкөл» кен орнының 40 жылдығына арналған мерейтойлық медаль табысталды.



буынның жалғасы бүгінде аталған салада абыройлы, әрі жемісті жұмыс атқаруда. Осы орайда «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ әр қызметкердің мұнай газ саласының ілгерілеуіне қосқан үлестерін жоғары бағалайды - деді.

ұсында. Айта кету керек, ел президенті жер қойнауын меңгеру саласының инвестициялық тартымдылығы мен жаңа кең орындарын анықтау бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуі қажеттігін тапсырған болатын. Осы

ЕҢБЕК ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Ірі өндіріс нысанына айналған «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамында талай мұнайшының қолтанбасы қалыптасты. Облыстың мұнай-газ секторында еңбек етіп жүрген мұнайшылар Сыр елінің әлеуметтік дамуына оң ықпал етіп, аталған салаға ғибратты ғұмырларын арнады деуге негіз бар. Сәйкесінше еңбек те еленіп, жемісті нәтижесін беруде. Әсіресе, мұнайдың алғаш тамшысына куә болып, сала тарихымен есімдері теңдей айтылатын ардагерлер еңбек жолдарын қуана еске түсіруде.

Есімдері Құмкөлдегі кеніштің қалыптасуымен байланысты алғашқы буынның орны мұнай тарихында әркез ерек. Жүктелген міндетті орындауды ғана емес, кез-келген тірлікте тиянақтылық пен ұқыптылықты қаперге ұстап, әр іске жауапкершілікпен қарау қажет. Алғашқы мұнайшылар қалыптастырған еңбек қағидаты, тәртібі мен талабы бүгінге дейін қызметтік қолданыстан тыс емес. Кезіндегі жаңа кен орнын игеруге атсалысқан жас буынның, бүгінгі аға буынның өнегесі де осында.

Кеніш құрылғаннан нысандардың жаңадан салынуы, ұңғыманың іске қосылуы, әрбір тонна мұнайды өндіріп, жөнелту үлкен жетістік болды. Сол жетістікті бағындырып, өндіріс аймағы құрылғаннан жемісті еңбек еткендер аз болмады. Құмкөл тарихымен есімдері бірге аталатын ардагер мұнайшылардың бірі ретінде Мәмбетов Жоламан Аманжолұлын атауға болады.

Ол Алматы политехникалық институтына дайындық бөліміне түсіп, 1981 жылы «Мұнай-газ» мамандығын бітірген. Сол замандағы жұмыс жүйесіне сәйкес, Батыстың Жаңаөзеніне жолдамамен жөнелген. Алғаш еңбек жолын қалыптастырып, тәжірибе жинақтаған Жоламан Аманжолұлы оператор, технолог, аға технолог, аға инженер, цех басшысының орынбасары қызметтерін жоғары деңгейде атқара білді. Одан әрі еңбек жолын Сыр еліндегі аталмыш компанияның өндіріс нысаны енді қалыптасып жатқан уақытта жалғастырды. Кен орнында өндірістік тәртіпті ұйымдастыру, мамандардың жұмысын үйлестіру, мұнай өндіру үдерісін жолға қою сияқты ауқымды міндеттерді абыройлы атқара білді.

Мұнай саласының ардагері Жоламан Мәмбетов: - Өмір жолымды мұнай саласымен байланыстырып, аталған саладан зейнетке шығуды еңбек жолы деп ғана қарай салуға болмас. Оның түпкі негізінде мамандық пен мұнайдың әр тамшысына деген деген адалдық жатыр. Кеншілікте кеніштің ашылып, алғаш мұнай өндіру ісіне атсалысқандардың бірі ретінде аталған салада тек табандылық пен тәртіпті тең ұстағандар ғана жүйелі жұмыс атқара біледі дер едім. Өткенге иегініс жасасам, Қызылорда қаласындағы «Мұнай-газ» өндіру басқармасында, комплексті «мұнай-газ» өндіру және дайындау цехының басшысы, өндірістік диспетчерлік бөлім басшысы, орталық технологиялық инженерлік бұшы, өндірістік бөлім басшысы, «Мұнай-кен»



орындарын пайдалану басқармасының орынбасары болып қызмет жасадым. Салаға деген құрметім 30 жылдан аса тәжірибеден соң, бейнеттің зейнетін көрумен көрініс табуда. Осы орайда, барлық әріптестерімді төл мерекемен құттықтаймын! Бүгінде компанияда жаңа технологиялар енгізілді, автоматтандырылған жүйелер пайда болды, байланыс құралдары жетілді. Өндірістік бақылау мен қауіпсіздік талаптары жаңа деңгейге көтерілді. Өндірістік нысандардың, мұнай құбырларының, электр және газ инфрақұрылымының дамуы Құмкөл өңіріндегі өндірістің тұрақты жұмыс істеуіне мүмкіндік берді. Сондықтан компанияның әрбір жетістігін өткен тарихпен байланыстыруға болады.

Айта кету керек, техника мен технологияның тілін тек ер азаматтар ғана емес, нәзік жандылар да таба біледі. Мұнай тарихының бедерінде әйелдер қауымының да есімдері ерекше аталады. Оның ішінде мұнайшылардан бөлек, бухгалтерлер, экономистер, зертхана қызметкерлері, инженерлер, диспетчерлер, кадр мамандары, медицина және әлеуметтік сала қызметкерлері өндірістің жұмыс жүйесіне сүбелі үлестерін қосуда.

Өткен жылы компанияның 30 жылдан астам тарихында Қызылорда облысында шамамен 300 қызметкер зейнеткерлікке шыққан. Жұмыс барысында мұнайшылар үшін таңның атысы мен күннің батуы, тәуліктік ауысым, вахталық жұмыс қалыпты жағдайға айналды. Отбасынан тыс еңбек етіп, қара алтынның қадірін түсінген мұнайшылардың еңбегін компания ескерусіз қалдырған емес. «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамы жыл сайын ардагерлерді қуантуды әдетке айналдырды. Олар түрлі шараларға шақырылып, әлеуметтік көмек түрлерімен қамтылып, мерекелік азық-түлік жинақтарын ұсыну сынды құрмет көрсетілді.

А.ӘЛИАРЫСТАН

ҚАЙЫРЫМДЫ КОМПАНИЯ

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚықпал болуымен өңірімізде бірқатар әлеуметтік жобалар жүзеге асырылуда.Мұнай

сыйлықтарының бірі ғана. Балалар ауылының басшылығы осылай деді.

- «Атамекен» балалар ауылында бүгін



саласының ғана емес, облыста түрлі саланың алға ілгерілеуіне түрлі бағытта қолғабыс болуда. Мәселен, Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ынтымақтастық туралы меморандум аясында Қызылорда облысының әкімдігі, «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ арасында жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған «Атамекен» отбасылық үлгідегі балалар ауылын салу жоспарланды. 2014 жылы Компания жобалауға және құрылысқа қаражат бөлді, 2015 жылы отбасылық үлгідегі балалар ауылы пайдалануға берілді.

Мұнай саласының мерейтойы қарсаңында да «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылының тәрбиеленушілеріне 1 миллион теңгені сертификатпен мен соңғы үлгідегі теледидар табыс етті. Айта кету керек, аталмыш компанияның балаларға деген бұл кезекті

үлкен мереке. Себебі, балалар ауылы ашылғаннан бастап «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ тіпті 40 жыл мерекесі қарсаңында да басшылық құрам біздің балалардың жай-күйімен танысып, олармен тілдесіп, болашаққа деген жоспарларымен бөлісті. Балалардың көлөнердегі жетістіктерін көріп, шығармашылық қабілеттеріне куә болды,-деді, «Атамекен» балалар ауылы басшысының орынбасары Ақнұр Жүсіпбекова.

Тәрбиеленушілерге әлеуметтік бейімделуіне көмек көрсетіп, олардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету және бәсекеге қабілетті, зияткер тұлға тәрбиелеуде мұнай компаниясы түрлі бағытта әрі тұрақты түрде демеушілік көрсетуде. Жылы қамқорлықты сезінгендіктен болар, кездесу барысында балалар өз туындыларын «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ ның өкілдеріне табыстап, ризашылықтарын білдірді.

Кітапхана



Мұхтар МАҒАУИН

Бізде өкімет жоқ еді. Дәл қазіргі кезде табиғи ортаға орай, өз заңымызбен ғана күн кешіп жаттық. Бұл да болса құдайдың жеңілдігі, қыс біршама жылы, жайлы болды. Мал қамынан бөтен шарауа жоқ. Түйелер көз көрімде жүреді. Ит-сигектен басқа сербиген бұта, қылтиған сояудың бәрі пішен. Жылқының жайы сәл қиынырақ. Әуелде іргеде тебіндеді. От азайған сайын ұзай берген. Күндіз қарауылдап қоямын. Ұзаңқырап кеткенде кезектесіп барып тұрдық. Бұл қиянда ит-құс білінбейді, тобымен жортатындай іргелес, селбес малды мекеннен ада, қаптаған қоңыр аң тағы жоқ, ал адасып жүрген жалғыз-жарым бөріге көк айғырдың өзі алдырмас еді. Әйткенмен, сақтық керек, көз жазбадық. Ең үлкен қатер - қаһарлы қаңтарда оқыстан боран тұрып, түн ішінде ығып кеткен жылқыны екі күн іздеп әрең тапқан соң, белді атандардың бірін көшке қарай үй іргесінде тіздеп ұстайтын болдық. Қалған малды ауыл бетке бейімдеп қоямыз. Ақсақал күннің батуына, айдың шығуына, аспандағы бұлт пен жердегі қардың сыңайына қарап, ауа райын болжалдап отырады, көбіне дұрысқа саяды. Өспеген, үйренбеген жер, әйтпесе көп жаңылмас едім дейді.

Наурыз тумай-ақ қар ыдырап, жер ойдымдана ашылды. Ақсақалдың іңкәрі ел жаққа ауып еді. Ат ізін салып хабарлассақ деген. Мен хабарласпай-ақ біліп отырмын. Бұл - бірер жылда тынытпн нәубет емес. Ақ генералдар, Ерікті қозғалыс, Сібір өкіметі - жарым Россия ауыздықтай алмаған большевиктер өкіметіне таяу арада тоқтама жоқ. Жарты әлемді жалмамай тынбайды. Наразылықтар, көтерілістер болуы мүмкін, бірақ жиырмасыншы жылдан соң күш қызылдарға біржола ауған. Осыдан азғана бұрын өз іштерінде жік туған сияқты еді, мен одан да үміт күтпеймін. Бір тобы жеңілсе, екінші тобы келеді. Түгі-түсі бірдей. Егер жайыптан басқадай жағдай туып жатса, ештеңеден құр қалмаймыз, үлгереміз. Күн жылып, жер аяғы кеңігені - жаудың қарымының ұзарғаны. Кез келген сағатта төбемізден түсуі мүмкін. Әкей мақұл көрді. Асығыс атқа қонып, екі-үш күн аралатып көңілді қайтты. Өткен күзде Бетпақтың тереңінен межелеген жер қардан тазартыпты, шөбі бірыңғай сораң мен жусан емес, астында нәрі молы анық деген.

Қар суымен көштік. Аруақтарға құран оқып, арттағы елге тыныштық, береке тілеп, үдере жылжығамыз. Біржола кетіп барамыз, сүйегіміз сонда қалады деп ешкім ойлаған жоқ. Екі жаз, асса үш-төрт жылға деп шамаладық.

Әкей мөлгенен жер шынында да төңірегінен мүлде өзгеше, көгере бусанып тұр екен. "Бұл жердің аты Көкжайлау болады!" - дедім мен. Алпаға тәуба айтып, үй тіктік. Үй тігіліп болар-болмастан-ақ құдық қазатын жер қарадық. Қар суы құйылып, жусан мен изен биіктей бой тартқан ойпаңға емес, белестің етегінен алысырақ, бұйырғын өскен тегспеннен таңдадық. Яғни таңдаған әкей. "Құрық бойынан су шығып қалар" - деген. Сол сәтінде-ақ құдайға сыйынып, жұмсыса кірісіп кеттім.

Тобыққа дейін тез алынды. Ылғал сіңген, жаншылмаған үстіңгі қабат. Содан соң нағыз азап басталды. Тығыз, майда сары топырақ тастай сығымдалған, күрек батпайды. Қайламен, шотпен ғана кетіп, шөкіп алуға мүмкін. Қарыстап, тұтамдап қазуға емес, сантиметр, миллиметрлеп тырналауға тура келген. Өзірше уақытымыз кең. Қар түгел кетпеген. "Ұрынып қалма, шырағым..." - деген әкей де. Бірақ мен тезірек суға жетпекпін.

Загира үйдегі қуыс ыдыс атаулыны босатып, су жинауға кірісті. Қар тасуға кішкентай Жансалқамның өзі қатысқан. Әкем қолдағы бармен қанағаттанбай, жаңа қонысқа келісімен аруақ, құдай атына құрбанға сойылған дөненнің терісін кептіріп, тобылғы жоқ, теріскен түтініне ыстай бастады. Су құятын тайжұзген саба жасамас. Үйдегі көнек, торсық, тегене, қазан - үлкенді-кішілі ыдыс түгелімен суға толтырылды, үш-төрт күнде ысталып, сәнін,

түрін сақтамай, табиғи қалпымен бітеу тігілген мес саба да өз орнын тапты, ал құдық кісі бойы қол ұсынымға әрең жетті. Ешқандай тіршілік белгісі жоқ. Тас қашап жатқан сияқтымын. Ойылған алақан қатпар-қатпар көнге айналды. Бел сырқырап, шеке шыңылдап, қайланы ұрам да отырам. Бес... он... жүз... екі жүз бір... Мың! Қайтадан - бір... екі... төрт жүз он тоғыз... Екінші, жетінші, жетпісінші мың!.. Әрине, жалғыз жұмыскер өзім ғана емес. Әкей бар. Ара-тұра менімен ал-масады. Загира бар. Су жинаудан, ас дайындаудан қолы босағанда көн шелекпен топырақ тартады. Жансалқам да қасымызда жүреді. Уыстап, іргеге төгілген топырақты тасиды.

роман

САРЫ ҚАЗАҚ

Құдық ішіне түскісі келеді. Түсе сала қайта шығады. Ойнайтын, еркелейтін заман емес. Құлап кетесің, бірдене тиіп кетеді деп ұрсуға, жасқауға тура келеді. Арада апта өткенде құрық бойы төменге түстік. Бұл кезде менің сілем қатқан, шаршағаным, қахығаным өз алдына, әкем мен әйелімнің бетіне қарауға именетін халге жеттім. Ту-мысымда қайратсыз емес едім. Тас топырақты шөкіп алған тозақы жұмыс жігерімді құм қылды. Ең бастысы - осы жасап жатқан істен нәтиже шығарына күмән молайған. Тереңдеген сайын үміт азая берген.

Құрық бойынан оздық. Топырақ жұмсарды. Қабат-қабат қырғыстар таныла бастады. Аз-маз дымқыл. Бірақ су жоқ. Екі құрыққа жеттік. Көк аспан от орнындай ғана болып, дөңгеленіп көрінеді. Мен қос қазыққа бекітілген қыл тепкішекпен өрмелеп, төбеге әрең шығам. Әкейді түсірмеймін. Топырақ тарту да оңай жұмыс емес. Шынымды айтсам, көкем менен әлдеқайда қажырлы болып шықты. Енді азғана дейді. Сол азғанамен он бес метр түстік. Мүмкін жиырма. Өлшеудің өзінен қорқасың. Енді ақсақал да мазасыздана бастаған. "Апыр-ай, шөлдегі құдықтар қырық-елу құлашқа жетеді деуші еді. Сондай болмағай... Жоқ, - дейді содан соң. - Шөп реңіне қарағанда мұнша тереңге кетпеуге тиіс. Әлде жүлгесін таппадық па..." Дағдарғанмен амал қанша. Қаза бердік. Әлбетте, бізде асығыс жоқ, жаз бойы, күз бойы қазсақта шаруадан қалмаймыз. Қиыны - бұл кезде қар түгел кетіп, су сарқыла бастаған. Арада тағы оншақты күн өткенде қозықш жердегі ойпаң қақ құрғады. Төңіректе тамшы нәр қалмады. Бізде толық екі аптаға, үнемдеп ұстасақ, одан да ұзаққа жетер ауыз су бар. Бірақ мал қаталай бастаған. Мал болғанда, түйе емес, жылқы. Алғашқы күні оттауын азайтып, көп-көрім суат болып тұрған, таусылмаса өзіміз де пайдалануға жарайтын, енді әкейдің айтуынша, қолма-қол тобарсып, шытынай жарылған шұбар тақырға айналған қақ орнына барғыштап жүрді де, ертеңіне, әбден аңқасы кепкен соң үй іргесіне, құрқдық басына ұйлығып тұрып алды. Өте ауыр көрініс еді. Шелек түбіне құйып, бір-бір аяқтан су бердік. Арғы күні тағы солай болды.

Өнімсіз жер шұқыған қарекетті баяғыда-ақ тоқтату керек еді. Ба-стап қойған соң амал жоқ. Тағы екі күнге шыдамақ болдық. Содан соң... "Көшпейміз!" - дедім. Бар су, жалғыз түйе, үй-жаймен осында қалам. Әкей аяқты малды айдап Сорбұлаққа кетеді. Сулаптып, жайлап, алыстан қарауылдап, сол төңіректе жүреді. Межелі күн сабаға су артып, түіені ауыстыруға келіп тұрады. Тәңірі тыныштығын берсе, қырық емес, сексен, жүз құлашқа дейін қазуға бекінгем. Тұмаға жетпесем, осы терең көрдің түбінде өліп-ақ кетейін.

Менің иман айтуымды күтіп тұрған рақымы мол құдай сол сәтінде-ақ жарылқай салды.

Бүгінгі - ең соңғы тыпыр еді. Қайланы салып қалғанда жұмсақ кірген сияқты көрінді. Қатқыл топырақ опырыла ұшады. Үгітіліп, жанышталып түскендей. Мен жетпедеме тағы ұрдым да, қайла солқ етіп суырылғанда, өзіме-өзім сенбей, еңкейген қалпымда тұрып қалдым. Содан соң тізе бүккем. Сздауыт, дымқыл топырақ, Кәдімгі, жаңа ғана шыланған сулы топырақ. Отыра қалып қолмен тырналадым. Ең түбінен сығымдап алған бір түйір топырақты - топырақ емес, балшықты ауызма салдым. "Көке! Көке!.. - дедім қарлыға да-уыстап. - Су! Су! Әкей үнсіз қалды. "Суға жеттік! Кәдімгі су!..." - дедім мен үздігіп, құдықты күніренте, құлағым жарыла айқайлап, "Бәрекелді!" - деген тұншығыңқы үн естілді төбеден.

- Бәрекелді, балам... Шелекке бір уыс балшық салып жібер..." Бұл кезде сыздықтай шыпшыған су шұқанақ түбіне жинала бастаған. Мен қос уыс балшықты, суын сорғалата кесіп алып, шелекке салдым.

Менің ұзақ өмірімдегі ең бақытты шақ, бәлкім, сол күнгі, су көзіне жеткен сәт шығар. "Жарайсың, ұлым! - деді шелекті тартып алған соң әкей, сабырмен. - Құдай бар. Дәм-тұзың түгеспепті... Болды!" - деді содан соң. - Қалғаны оңай. Ертемен жалғастырамыз".

Бұл кезде мен су шыққан жерді кеңейтіп жан таласа түйгіштеуге кіріскем. Бойыма күш құйылғандай. Жаңа ғана қолыма қайла, шот алғандай. Тоқтайын десем де, тоқтай алмадым. Аздан соң сатылы арқанмен соңғы күндерде тек сыртта ғана болған өкемнің өзі төменге түскен. Ендігі қазуым қате екен. Бір жерді үңги берсе, көп ұзамай су басып кетеді. Көзін түгел ашу үшін құдық түбін бір деңгейде жұқарту қажет. Несін айтайын, сыртта сам жамырап, іште жасусыз қараңғы орнағанша, мен қазып, әкем тартып, құдық түбін межесіне жеткіздік. Мен қаза беретін едім. Құмдауыт тасқа енген соң

дым. Әйтеуір арты қайыр болды. Ең бастысы - жау қарымы жетпейтін жырақта. Балам, бағың бар екен, мынау — жүз жылқы суарсаң да сарқылмас қайнар құдық.

Загира от жағып, қазан көтеріп, шала-шарпы тұнған лай суға былқытып ет асты. Біз ай жарығында қауға, шелектерімізді арқалап, құдық басына қайта келдік. Таяу маңда жүрген жылқылар мен түйелер сол сәтінде-ақ қасымызға жетті. Қауға тартып, шетінен суғара бастадық. Әуелі бір-бір шелектен беріп, содан соң қайта айналдырдық. Ең соңында төрт түйе қалған. Сары інген сегіз шелек ішті. Қос сары атан тоғыз шелектен тоқтады. Қара бұра тура он екі шелегін сарықты. "Қырық күн шөлге шыдайтыны осыдан", - дейді әкей күліп. "Шынымен қырық күн бе?" "Қырық - мысал үшін айтылған сөз болса керек. Жиырма күнге анық шыдайды". "Бұл да аз емес, - деймін. - Қалай?" "Мына он екі шелек - он екі-он бес күн деп біл. Қарнының бір бұрышында жатады. Одан соң неше күн бойы өркеші сақтайды. Көрдің бе, төртеуінің де өркеші жығылды. Оттан емес. Судан. Кім білсін, қарнының бір қалтарысында

мысқалдап су сақтайтын қасиеті бар шығар. Басқа түскен соң шыдайды да. Жан иесінің көрмес азабы бар ма. Тек адам ғана... Адам ғана әлсіз".

Иә, Адам ғана әлсіз. Осымен екінші рет... Үзілуге шақ қалдым ғой. Шаршағаннан, қахығаннан. Жоқ, торыққаннан. Қандай әлжуаз, жұмбақ махлұқат бұл адам деген. Опырылып құлауы да оңай, серпіліп бой жазуы да қиын емес. Өлгінде, күндіз ғана жаннан безгендей едік, енді міне, кең сарайдай көрінген жұпыны, үш қанат күрке ішінде, ашық түңлік астындағы от жарығында барлық уайым-қайғыдан арылғандай, рақаттанып отырып қазы, қарта жедік, нәрлі сорпа іштік.

Тұяқ серіппей алаңсыз ұйықтаппын. Бес-он минут қана қалғып кеткендеймін. Күн көтеріле ояндым. Өне бойым делсал, орнымнан әрең тұрғам. Тұрмас та едім. Жансалқам тұрмасыма қоймады. Қуанып жүр. Мен де қуандым. Бәріміз мәре-сәре болдық. Бізбен бірге жер түбіне келген бес мама биенің екеуі қатарынан құлындапты. Бас, сирағы бүтін, аяқтанып кеткен. Әжептәуір жерде, көк жусан ішінде, сонырқай жайылып жүрген жылқы арасында бөлектеніп көрінеді. Көкем, Жансалқам екеуі барып қайтыпты. Әдемі дейді. Қалған үш бие де құлындауға тақау тұрса керек.

Менің үлкен қуанышым құдық. Басына келіп, қайтадан қауға салдым. Мөл-мөлдір күміс су. Мұздай. Тәтті. Тек осы суды ішіп қана жүз жыл өмір сүруге болатын сияқты. Көтеріп үйге әкелдім. Су құятын ыдыс жоқ. Бәрі толып тұр. Үй сыртына шығып, беті-қолымды жуыным. Әбден кірлегенім, жақсылап шомылу керепі сонда ғана еске түсті. Соңыра. Бірақ мұндай мөлдір суды қалай ғана қиярсың. Міне, қазір де қауға бел ортасынан жоғары тұр. Құдық басына қайта апардым. Кері құймайсың ғой. Тегіп тағы тастай алмадым. Алжасқан адамдай, үңірейген терең құдыққа бір қарап, қауғадағы мөлдірей күлімдеген суға бір қарап, әжептәуір тұрдым. Ақыры амалын таптым. Құдық басында жатқан қайла, шот, күректі, ешқандай қажеті болмаса да, басынан сабына дейін жақсылап тұрып жуып, топырақтан тазарттым. Шынында да, мына шөлде, соншама еңбекпен келген мөлдір су ысырап кетпеу керек қой. Қайтадан қауға салдым. Саумалап босатып тұрмын, кетіп барады, кетіп барады, ақыры шылп еткен дыбыс шықты; қоя бердім - шым батты. Су бетінен бір құлаштай асқанда ғана түбіне жетті. Судың тереңдігінің өзі кісі бойы! Құдық емес, дария ғой мынау! Кернеуі күшті, су көзі екі метрге көтерілген. Қанша алсаң да ортаймайды. Бірақ мен қауғамен тартылған суды төкпедім. Сол қалпында үйге әкеп қойдым.

Әрине, біздің ең үлкен байлығымыз - құдықты қалыпқа келтіру үшін тағы бірнеше күн уақыт кетті. Топырағы тығыз, қабырғасын асықпай шегендерміз. Бірақ тезінен аузын әйкелдеу керек еді. Беріктік, тазалық өз алдына, қауіпсіздік үшін керек. Осы кезде көшпенді тұрмыс, табиғат аясындағы тіршілікке қатысты білмейтін пәлесі жоқ әкейге күлтем. Мал құлай ма, малдан бұрын, ойнап жүріп Жансалқам түсіп кете ме, таяу маңда тал жоқ, құмға барып, сексеуіл іздеу керек, бұрынғы қонысқа барып жаңғыл әкелу керек, оған дейін үйді жығып, бір қанат керегені құдықтың бетіне жаба тұрамыз деп отыр. Құлмегенде қайтесің. Мен бұрын қазық қағылып, арқан керілген құдық аузына үш-төрт уық шаншып, оның үстіне киіз жауып күрлепемді де, іргеде үйіліп жатқан май топырақтың бір шетіне су құйып, лай айдадым. Анадан су қорына әзірленген, енді әбден қансып, қаудырлап қалған шикі саба-ны қабаттай тіліп, таспамен тігіп, қалып жасадым. Содан соң екі-үш күнде

бес-алты жүз кірпіш құйып шыққам. Сорғып кепкен соң жымдастыра бастырып, дөңгелете қалап, құдық аузына кәдімгідей әйкел тұрғыздым. Ол-оңай, жабайы шешім. Көкем менің қиыннан қиыстырған ақыл-парасатыма қайран қалған. Ал өзінің тұлдырсыз шөлден су шығаратын, бұдырсыз иеннен жол батын, бар қажетін малдан айратыын өміршең білгірлігін сүйекпен бітер салт, тіршіліктің әдепкі машығы санаиды - аяғы бардың жүргеніндей, аузы бардың сөйлегеніндей табиғи құбылыс көреді және әдетте бұрынғының адамдарын үлгі етіп; олар сондай еді ғой, олар мұндай еді ғой, біз сол мінез, қасиеттің тым құрса жартысын игерсек, мұншама қиындық көрмес едік деп отырды.

Барымыз түгел. Аман-есен жата берсек керек еді. Бірақ мен шайтан түртіп, отыра алмадым. Елде не болып жатыр. Былтырғы өкімет орнында ма. Россияның терең түкпірінен әлденендей құдіретті толқын көтеріліп, немесе әуелгі дүмпмумен шарадан асқан, бір жағы Қытай, бір жағы Батыс Еуропаға лықсыған жүздеген мың, бәлкім, бірнеше миллион қарулы әскер, ақылы түзу, отаншыл азамат қайтадан күш жиса, есі кірген, жер бетіне төнген қатерді толық пайымдаған, кешегі іргелі жұртқа жаны ашылған христиан әлемі оларға көмек беріп, қуат қосса, зорлықшыл большевиктер өкіметі құлап қалуы ғажап емес қой. - қисынсыз қиял, орындалмас арман, бірақ соңғы он жыл бойы тек ақылға сыйымсыз істер ғана жүзеге асты, дүние кері төңкерілмесіне кім кепіл, - білгім кеп, естігім кеп, әрине, бәрі сол қалпында екеніне, яғни, бұрынғыдан әрмен бүліне түскеніне біржола көз жеткізуге аңсарым ауып, ішім қайнап, не үйде, не түзде байыз таппадым.

Өкемнің, әйелімнің айтқанына болмай, атқа міндім. Сорбұлаққа барып қана қайтам дегем. Амалсыз босатты. Әрине, қарулымын. Қару болғанда, шошайған босатар емес, ыңғайлы маузер, шидем ішінен байлап алдым, көлденең көзге байқалмайды. Кешкі салқында шығып кеттім де, қалпытып жүріспен екі қонып, ертемен иек артпаға жеттім. Белестен сығалап байқасам, қараң-құраң ештеңе көрінбейді. Шынында да, елсіз иенде біз сияқты қашқан-пысқан сорпылар болмаса, кім жүрмек. Батыл аяндап, бұлақ басына келдім. Жақындай бергенде-ақ өзгеріс барын аңдағам.

Алдымен ауыр көтерілген ақбас күшігенге көзім түсті. Содан соң әр жерден еріне далпылдап қарақұстар ұша бастады. Келер мезетте мұрныма қолқа қапқан күлмісі, сасық иіс келді. Астымдағы көкбесті оқыранып, алға емес, қырын, желтең төбешікке қарай жүрген. Төбешік басынан бар сурет айқын көрінді. Шөлден, жұттан өлген мал емес, әрине. Адам. Бесеу, алтау... Оншақты. Мүмкін одан да көп. Сынайына қарағанда санын нақтылау қиын, бүтін біреуі жоқ. Борша-борша, быт-шыт, Оқ тесіп, қылыш шапқаннан қалғанын құзғындар мүшелеген. Неткен сұмдық... Домалай жығылып, ішек-қарнымды ақтара құстым. Өкпе-бауырым қоса түсе ме деп едім. Содан соң жүрегімді тоқтатып, қайтадан үзенгіге аяқ салдым. Адам тозақа да үйренеді дейді ғой. Мал ғана үйренбесе керек. Көкбестіні еркіне қоймай, ылдига түсіп, бұлақтың етегінен басына дейін түгел қарап шықтым. Өліктер екі қабақта да жатыр. Бірсіған қабырға, бөлінген омыртқа, сыдырылған жілік, жалаңаш жамбас... Іріген, шашылған, көгеріп сасыған жеке мүшелер - қаңқаның тұтасы көрінбейді. Кенет мен пышырап жатса да, шұбатылып, сіңіріне ілініп жатса да, барлық мүшесі табылатын соншама сүйек ішінде бір де бір бас жоғын аңдадым. Бассыз кісі болмайды. Бірақ бассыз өлік болуы мүмкін, кесіп, қоржынға салып, немесе қанжығаға байлап әкетсе. Жөке, әкетпепті. Барлық басты бұлақ көзіне - тұма қайнарға әкеп үйіпті. Астыңғылары суға батқан, көгеріп, ісініп кетіпті, үстіңгілері шашы жіңіп, құйқасы сыдырылып, құрттап, шіріп жатыр. Біреу, екеу... Әлде жеті, әлде тоғыз бас. Мүмкін, он, он екі... Мен ат үстінде тұрып, тағы локсыдым. Ішімде ештеңе жоқ, мұзды қуыс - құса алмадым, бірақ қос қабырғам қысып, өкпем суырылып, жаңағыдан әрмен қиналғам. Ат жалын құшқан қалпы тебіне шауып өрге шықтым. Сол кезде ғана есіме түскен. Мұнда келгендегі басты шаруам. Жарқабақ астына, киізге орап, кішкене қазан, қара шөңке, аз-маз ыдыс-аяқ көмгеміз. Жігіттермен бұрынғы келісім бойынша, жаңа заман қалай құбылады, өзімізге де керек болар деп. Біз жатқан иенде қуыс кесеге дейін қат, жарым-жартылай болса да ала кетпек едім. Атты қырға қаңтарып, амалсыз қайтадан ойға түстім. Жан-жағыма қарамауға тырысқам. Қарамасаң да көресің. Көрмесең де бүкіл қолқа-жүрегіңмен, өкпе-бауырыңмен зұлым-дықтың қоқыс лебін сезінесің.

Қойма оңай табылды. Бір жеңілдігі, бір ауырлығы болған. Ауыры - бар мұқәмал шашылып жатыр, яғни, мына көмусіз қалған, құзғын талаған жігіттердің бәрі болмаса да кейбірі өткен жылы бізбен дәмдес, тағдырлас күн кешкен жандар. Жеңілі - егер қар сөгіле көшіп кетпесек, аз-маз аялдасақ, біздің де ақбас шалымыз бар, бүлдіршін сәбиіміз бар, - осы мүскіндермен бірге жайрап жатарымыз анықты..

(Жалғасы бар)

Сұрағым бар...

"САМОКАТ" ЕРЕЖЕСІНІҢ ТАЛАПТАРЫ ҚАНДАЙ?

Биылғы жыл басынан бері мопед жүргізушілерінің кінәсінен 390 жол апаты тіркеліп, онда 33 адам қаза тауып, тағы 461 адам жарақат алған.
Велосипедшілердің кінәсінен 169, шағын электр көлік құралдарын басқарушылардың кінәсінен 97, электрсамокат жүргізушілерінің кінәсінен 47 жол апаты болған. Осы оқиғалардың барлығында 329 көмелетке толмаған бала зардап шегіп, 10 бала қаза тапқан.
Сонымен қатар көлік құралдарын пайдаланушылардың өздері де жол апатынан жиі зардап шегеді.
Электрсамокат жүргізушілерін көлік қағып кету салдарынан төрт адам қаза тауып, тағы 300-ге жуық адам түрлі жарақат алған.
Адамдар көп жүретін жерлерде самокатпен, мопедпен жоғары жылдамдықпен жүру ерекше қауіп төндіреді.

ЖЕКЕ МЕНШІК ЭЛЕКТРСАМОКАТТАРҒА ТІРКЕУ НӨМІРІН АЛУ КЕРЕК ПЕ?

Жеке меншік электрсамокаттарға тіркеу нөмірін алудың қажеті жоқ. Ондай талап жалдамалы самокаттарға ғана қойылған. Кикшеринг компаниялары жалға берілетін әрбір электрсамокатқа тіркеу нөмірін тағып, өзінің базасына енгізуге міндетті. Сол арқылы заң бұзған самокаттар және оны жалға алған адамдар анықталады.

САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІ ҚАЛАЙ РӘСІМДЕЛЕДІ?

Бұл талап та жалдамалы электр-самокаттарға қатысты. Кикшеринг компа-ниялары әрбір самокатқа сақтандыруды рәсімдеуге міндетті. Жол апаты болған жағдайда сақтандыру есебінен зардап

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҒЫН ТОЛЫҒЫМЕН СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУҒА ҚАЛАЙ АУДАРУҒА БОЛАДЫ?

Бұған дейін зейнетақы жинағының тек жартысын сенімгерлік басқаруға беруге рұқсат еді. Енді 7-ші қыркүйектен бастап бұл шектеу алынды. Биылғы жылдың 7-ші қыркүйегінен бастап зейнетақы жинағы бар кез келген адам жеткіліктілік шегіне қарамастан барлық ақшаны сенімгерлік басқаруға аудара алады.

Ұлттық банк басшысы Тимур Сүлейменовтің айтуынша, «Негізі триллиондаған ақшаны басқарған оңай емес. Себебі қаржының көлемі үлкен, икемді емес. Ал шағын басқарушы компаниялар барынша мобильді бола алады. Инвестициялық мүмкіндіктерді тез тауып, соған ақша салып, табыс тауып отыруға мүмкіндік бар».

Қазір зейнетақы активтерін басқару үшін барлық талаптарға сай келетін бес компания бар екен. Олар: «BCC Invest» АҚ; “Сентрас Секьюритиз” АҚ; «Alatau City Invest» АҚ; «Halyk Finance» АҚ; «Tansar Capital» АҚ.

“Halyk Global Markets” АҚ-сымен рәсімделген келісімшарт 2027 жылдан бастап тоқтатылады.

Осыған орай БЖЗҚ 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап “Halyk Global Markets” АҚ басқаруына зейнетақы активтерін аудару туралы салымшылардың жаңа өтініштерін қабылдамайды. Бүгінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ресми сайтында epnf.kz әрбір компанияның инвестициялық стратегиялары мен жұмыс нәтижелері жарияланады. Компанияны таңдау кезінде инвестициялық портфельді қалыптастыру өлшемшартына назар аудару керек. Кірістілік пен тәуекел деңгейіне қарай жұмыстың тиімділігін объективті түрде бағалауға болады.

Салымшы мен басқарушы компания арасында келісім-шарт жасалмайды. Компания БЖЗҚ-мен тікелей инвестициялық портфельді басқару туралы шарт рәсімдейді. Бірақ зейнетақы жинақтарының иесі өз рұқсатын беруі керек. Epnf.kz сайты; БЖЗҚ мобильді қосымшасы; БЖЗҚ-ның кез келген өңірлік бөлімшесі арқылы өтініш беруге болады.

Салымшы бөлімшеге барған жағдайда жеке күнкіт немесе цифрлық құжатты көрсету керек. Өтініш жіберілгеннен кейін 30 күннің ішінде зейнетақы жинақтары сенімгерлік басқаруға аударылады.

Салымшы өз жинақтарын басқа сенімгерлік компанияға бір жылдың ішінде бір рет қана аудара алады. Ал Ұлттық банктің басқаруына қайтару үшін кем дегенде бір жыл күту керек. Одан кейін өтініштің негізінде қайтаруға мүмкіндік бар. Ақшаны қайтару мерзімдері:

салымшы зейнетжасына толған жағдайда – 10 жұмыс күні; адам қайтыс болған жағдайда өтініш пен сот шешімі негізінде 2 жұмыс күні ішінде; сенімгерлік басқару туралы шарт бұзылған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде;

ұлттық банктің басқаруына қайтарғанда 30 күннің ішінде. Ал зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі мәні арасында теріс айырма пайда болса, басқарушы компания оны өтеуге міндетті.

Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға алған жеке меншік компания ол ақшаны Қазақстанда және шетелде әртүрлі валютадағы түрлі қаржы құралдарына инвестициялай алады. Мысалы бағалы қағаздар (салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақы түріндегі табыс; қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалау түріндегі табыс; сыртқы басқарудағы активтер бойынша табыс және тағы басқалар.

Бүгінде зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі де бар.

Әрбір салымшы есептелген инвестициялық табысты epnf.kz сайтындағы өзінің жеке кабинетінде немесе мобильді қосымшада көре алады. Мәселен, сайтта «Сараптау/Зейнетақы» активтерін инвестициялық басқару» деген арнайы бөлім бар.

Заң бойынша басқарушы компания банкрот болған жағдайда зейнетақы активтері Ұлттық банктің сенімгерлік басқаруына қайтарылады.

Заң бойынша зейнетақы аннуитетін рәсімдеген азамат-тар да барлық зейнетақы жинағын сенімгерлік басқаруға аудара алады.

шеккендердің шығыны өтеледі. Бірақ кикшеринг компаниясының кінәсі (электрсамокаттың ақауы және тағы басқа себептер) дәлелденуі керек. Ал электрсамокатпен адамды қағып кеткен жағдайда оны жалға алған тұлға жауапқа тартылады. Бұл жағдайда жекеменшік электрсамокаттарды тіркеу мен сақтандыру орындары жауапқа тартылмайды.

ЖЕКЕМЕНШІК ЭЛЕКТРСАМОКАТТАРЫН ТІРКЕУ НӨМІРІ БОЛМАСА, ЗАҢ БҰЗҒАНДАРЫН ҚАЛАЙ АНЫҚТАЙДЫ?

Тіркеу нөмірі жоқ жеке меншік электр-самокаттармен жол ережесі бұзылған жағдайда кінәлі адамдар бейнебақылау жүйесі арқылы анықталады. Патрулдік полиция да заң бұзғандарды бірден табуға тырысады.

ЖАЛДАМАЛЫ ЖӨНЕ ЖЕКЕМЕНШІК ЭЛЕКТРСАМОКАТТАРҒА ОРТАҚ ТАЛАП ҚАНДАЙ?

Жалдамалы немесе жеке меншік электрсамокат мінген адамда міндетті түрде жүргізу куәлігі болуы шарт. Сосын велосипед жолымен немесе велосипед жолағымен жүру керек. Ондай жолақ болмаған жағдайда жолдың оң жақ шетімен, жол жиегімен, сондай-ақ, әзірше тротуармен немесе жаяу жүргіншілер жолымен жүруге болады. Бірақ тротуарда жылдамдық сағатына 6 шақырымнан аспауы тиіс.

ЭЛЕКТРСАМОКАТТАРҒА ТРОТУАРМЕН НЕМЕСЕ ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР ЖОЛЫМЕН ЖҮРУГЕ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ МА?

25 тамыздан бастап электр-самокаттардың тротуар мен жаяу жүргінші жолдарымен жүруіне тыйым салынады. Ал жолдың жиегімен тек 18 жасқа толған, жүргізуші куәлігі және

арнайы шлемі бар адамдарға ғана рұқсат етіледі. Қараңғы уақытта жарық элементтері болуы шарт. Электрсамо-катпен жолаушылар мен жүктерді тасы-малдауға болмайды.

КӨМЕЛЕТ ЖАСҚА ТОЛМАҒАН БАЛА ЭЛЕКТРСАМОКАТПЕН ҰСТАЛСА, ҚАЛАЙ ЖАУАПҚА ТАРТЫЛАДЫ?

Полиция электрсамокат мінген жасөспірімді ұстаса, оның ата-анасы немесе заңды өкілі жауапқа тартылады. Оларға 43 250 теңге көлемінде айыппұл салынады. Ал бала тағы да ұсталса, айыппұлдың көлемі 64 875 теңгеге өседі, не болмаса, 5 тәулікке әкімшілік қамаққа алу шарасы қолданылуы мүмкін.

Жүріс бөлігінде электрсамокатпен тек 18 жасқа толған, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі бар және қорғаныш дулығасын пайдаланатын адамдарға жүруге рұқсат етіледі. Мопед жүргізушілері тек жүріс бөлігімен қозғалуға міндетті. Ал жолды жаяу жүргіншілер өткелі арқылы кесіп өткен кезде самокат, велосипед және мопед иелері көліктен түсіп, оны қасынан жетектеп өтуге тиіс. Жолаушыларды тасымалдауға, рөлді ұстамай телефон пайдалануға, сондай-ақ тәуліктің қараңғы уақытында жарық шағылыстыратын элементтерсіз жүруге тыйым салынады.

ЖОЛҒА ЭЛЕКТРСАМОКАТПЕН ШЛЕМСІЗ ШЫҒЫП КЕТКЕНДЕ ҚАНДАЙ ЖАЗА ҚОЛДАНЫЛАДЫ?

Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 620-бабы (жол жүрісіне қатысушыларға қойылатын өзге де талаптарды бұзу) бойынша алдымен ескерту жасалады. Осы құқықбұзушылық бір жылдың ішінде тағы қайталанса, 3 АЕК (2026 жылда 12 975 теңге) көлемінде айыппұл салынады.

ЭЛЕКТРСАМОКАТТАРҒА ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІНІҢ ҚАНДАЙ САНАТЫ ЖАРАМДЫ?

Бүгінде нақты талап жоқ. Электр-самокатпен жүру үшін жүргізуші куәлігінің

кез келген санаты жарай береді. Кик-шеринг компаниялары электрсамокатты жалға алатын адамда жүргізуші куәлігінің бар-жоғын өз базасы арқылы тексереді.

ЕНДІ ЭЛЕКТРСАМОКАТПЕН ТРОТУАР МЕН ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР ЖОЛЫНА ШЫҚҚАНЫ ҮШІН АЙЫППҰЛДЫҢ КӨЛЕМІ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

Жаңа шектеулер күшіне енгеннен кейін электрсамокатпен тротуар мен жаяу жүргіншілер жолына шыққан адамдарға 2 АЕК (2026 жылда 8 650 теңге) көлемінде айыппұл салынады. Ал бір жылдың ішінде тағы ұсталса, айыппұлдың мөлшері 10 АЕК-ке (2026 жылда 43 250 теңгеге) дейін өседі.

ЭЛЕКТРСАМОКАТПЕН ЕКІ АДАМ ҰСТАЛСА, КІМ ЖАУАПҚА ТАРТЫЛАДЫ?

Электрсамокат жүргізушісі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 593-бабы (жолаушылар мен жүктерді тасымалдау қағидаларын бұзу) бойынша жауапқа тартылады. Осы бапта 5 АЕК (2026 жылда 21 625 теңге) көлемінде айыппұл қарастырылған. Жалдамалы электрсамокат болған жағдайда кикше-ринг компаниясы қосымша айыппұл салып, пайдаланушының akkaунтын бұғаттап тастауы мүмкін. Ал жолаушы жауапқа тартылмайды.

КЕЛЕР ЖЫЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР ӨСЕДІ МЕ?

Келесі жылға арналған республикалық бюджет жобасын-да айлық есептік көрсеткіш (АЕК), ең төменгі күнкөріс деңгейі және зейнетақының ең төмен мөлшері көтеріліп тұр.

КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫ-ЛАР ЖӨРДЕМАҚЫСЫ ӨСЕДІ

Келесі жылы айлық есептік көрсеткішті 4693 теңгеге дейін көтеру жоспарланып отыр. Бюджет жобасы мақұлданса, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы да өседі.

2026 жылы 4 балаға 16 АЕК, 69 200 теңге болса, 2027 жылы яғни 75 088 теңге болады;

Быыл 5 балаға 20 АЕК, 86 500 теңге, келесі жылы яғни 93 860 теңге;

Қазір 6 балаға 24 АЕК, 103 800 теңге, 2027 жылы яғни 112 632 теңгеге дейін өседі;

2026 жылы 7 балаға 28 АЕК,

121 100 теңге болса, 2027 жылы яғни 131 404 теңге болады;

Биыл 8 және одан көп балаға әр балаға 4 АЕК: 138 400 теңге, келесі жылы 32 АЕК, яғни 150 176 теңге болады.

КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАРДЫҢ ДА ЖӨРДЕМАҚЫСЫ ӨСЕДІ

Көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақы да АЕК мөлшеріне байланысты есептеледі.

“Алтын алқа” иелеріне – 7,4 АЕК 2026 жылы 31 997 теңге, 2027 жылы – 34 728 теңге;

“Күміс алқа” иелеріне – 6,4 АЕК қазіргі 27 680 теңгеден 30 035 теңгеге дейін өседі.

Қазақстанда “Күміс алқа” алты баласы бар аналарға беріледі, “Алтын алқа” жеті және одан көп бала тәрбиелеп отырған аналарға тағайындалады.

ЖӨРГЕКПҰЛДЫҢ МӨЛШЕРІ ДЕ ӨСЕДІ

АЕК мөлшеріне қарай бала тууына байланысты берілетін бір біржолғы мемлекеттік жәрдемақы:

бірінші, екінші және үшінші балаға 38 АЕК: 2026 жылы 164 350 теңге, 2027 жылы 178 334 теңге болады;

төртінші және одан кейінгі балаларға 63 АЕК: Биыл 272 475 теңге, келесі жылы 295 659 теңгеге дейін көтеріледі.

Егіз, үшем немесе төртем туған жағдайда мемлекеттік жәрдемақы әр балаға жеке-жеке есептеледі.

АЙ САЙЫНҒЫ ТӨЛЕМ ДЕ ӨСЕДІ

Зан бойынша міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатыспаған және жұмыс істемейтін әйелдерге бала бір

жарым жасқа толғанға дейін ай сайынғы жәрдемақы төленеді:

бірінші балаға 5,76 АЕК: 2026 жылы 24 912 теңге төленді, 2027 жылы 27 031 теңге төленеді;

екінші балаға 6,81 АЕК: Биыл 29 465 теңге болса, келесі жылы 31 959 теңгеге дейін өседі;

үшінші балаға 7,85 АЕК: қазіргі 33 951 теңгеден 36 840

теңгеге дейін көтеріледі;

төртінші және одан кейінгі балаларға 8,9 АЕК: 2026 жылы 38 503 теңге болса, 2027 жылы 41 767 теңге.

Декретке дейін жұмыс істеген әйелдердің бала күтіміне бай-ланысты алатын ай сайынғы әлеуметтік төлемі бөлек есептеледі. Оның мөлшері бала туғанға дейінгі соңғы екі жылдағы орташа айлық табысының 40 пай-ызын құрайды және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленеді.

ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖЕТКІЛІКТІЛІК ШЕКТЕРІ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Жеткіліктілік шегінің мөлшеріне салымшы-ның жасы әсер ете ме және қолданыстағы Әдістеме бойынша ТЖШ қалай есептеледі?

Ең төменгі жеткіліктілік шегінің (ТЖШ) мөлшері салымшының жасына байланысты айқындалады. Салымшы неғұрлым егде тартып, зейнеткерлік жасқа жақындаған сайын, оның болашақ зейнетақы төлеміне қойылатын талаптар да арта түседі. Себебі, оның еңбек қызметі аяқтал-ғаннан кейін алатын зейнетақы табысы халық-аралық стандарттарға барынша жақын деңгейде қамтамасыз етілуі тиіс.

ТЖШ мөлшерін айқындау кезінде болашақ-тағы зейнетақы төлемдерінің келтірілген құнын есептеудің классикалық формуласы қолданы-лады. Басқаша айтқанда, жаңа формула арқылы салымшының жеке зейнетақы шотында (ЖЗШ) дәл қазіргі уақытта болуы тиіс зейнетақы жинағының ең төменгі мөлшері, яғни ТЖШ көлемі есептеледі. Бұл жинақ болашақтағы зейнетақы төлемдерін мақсатты деңгейде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Келтірілген құн формуласының қолданылуы өмір бойына төленетін зейнетақыны қамтамасыз ету үшін қажетті жинақ көлемін есептеудің халықаралық тәжірибесіне негізделген.

Ең төменгі жеткіліктілік шегін есептеу әдістемесі қалай өзгерді?

ТЖШ-ны есептеу әдістемесіне енгізілген өзге-рістер болашақтағы жинақтаушы зейнетақының жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету мақсатында ең төменгі зейнетақы жинақтарына қойылатын талаптарды күшейтуге бағытталған. Бұл өзгеріс-тер болашақтағы зейнетақы төлемдерінің неғұр-лым жоғары деңгейін қалыптастыруды көздейді.

Енді ТЖШ мөлшері әрбір салымшының жасына қарай келтірілген құнды есептеудің стандартты формуласы негізінде және болашақтағы зейнетақы төлемдерінің мақсатты көрсеткіштерін ескере отырып айқындалады. Нақтыласақ, жаңа әдістеме «Болашақта лайықты деңгейдегі зейнетақы табы-сын алу үшін бүгін жеке зейнетақы шотында қан-дай ең төменгі сом қалуы тиіс?» деген сұраққа жауап береді.

Формула ұзақ мерзімді демографиялық (ұлттық демографиялық кестелер), қаржылық (табыстылық мөлшерлемелері мен зейнетақы төлемдерін индекстеу) факторларды, сондай-

ақ республикалық бюджет туралы заңмен жыл сайын белгіленетін әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді – жасына байланысты ең төмен-гі зейнетақы мөлшерін және ең төменгі жала-қыны ескереді. Бұл болашақтағы зейнетақы төлемдерінің тұрақтылығы мен болжамдылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, енді ТЖШ есептеу кезінде зейнетақы жинақтарының бір бөлігін мерзімінен бұрын пайдаланған сәттен бастап зейнеткерлік жасқа дейін түсетін болашақ міндетті зейнетақы жарналары есепке алынбайды. Өйткені өмірлік жағдайларға байланысты жарналар толық көлемде аударылмауы немесе белгілі бір кезеңдерде мүлде түспеуі мүмкін. Мұндай тәсіл азаматтардың жинақтарының бір бөлігін пайдаланғаннан кейін болашақта төмен мөлшердегі жинақтаушы зейнетақы алу қаупін азайтуға бағытталған.

Ең төменгі жеткіліктілік шегін есептеу әдістемесі неге өзгертілді?

2021 жылдан бастап БЖЗҚ салымшыларына тұрғын үй жағдайларын жақсарту және емделуге ақы төлеу сияқты заңнамада көзделген балама мақсаттарға зейнетақы жинақтарының бір бөлігін зейнеткерлік жасқа дейін пайдаланғаннан бұрын пайдалану құқығы берілді. Осыған байланысты мемле-кеттік органдар Зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегін айқындау әдістемесін әзірлеп, оны Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітті.

Алайда кейінгі жылдары салымшылардың ТЖШ-дан асатын зейнетақы жинақтарын жеке зейнетақы шоттарынан жиі алуы олардың бола-шақта БЖЗҚ-дан алатын зейнетақы төлемдері мөлшерінің төмендеуіне себеп болу қаупі туы-нады. Осыған байланысты ең төменгі жеткі-ліктілік шектерінің мәндерін қайта қарау туралы шешім қабылданды.

Бұл өзгерістер халықаралық ұйымдардың ұсынымдарына сәйкес болашақтағы зейнетақы төлемдерінің жеткіліктілігін кезең-кезеңімен қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты. Сондықтан болашақ жинақтаушы зейнетақыны қамтамасыз ету үшін қажетті зейнетақы жинақ-тарының сомасына және зейнетақы жасындағы зейнетақы төлемдері есебінен салымшының еңбек табысын алмастыру коэффициентінің өсуіне қойылатын талаптар күшейтілді.

Жаңа модельдің енгізілуі зейнетақы жүйесінің

МҰҒАЛІМГЕ АТА-АНАЛАР ЧАТЫНДА КЕШКЕ СҰРАҚ ҚОЮҒА БОЛАДЫ МА?

Бұл мәселе ата-аналар қауымдастығымен ақылдаса келе, заңды түрде шешімін табады.

Оқу министрі Жұлдыз Сүлейменованың айтуынша, ата-аналар мұғалімнің жұмыс уақытынан тыс кездегі жеке өміріне құрметпен қарауы керек.

Әр педагог орта есеппен күніне 6 оқу сағатын өткізеді. Оның барысында мұғалім жүздеген баламен жұмыс істейді. Әр сыныпта шамамен 25 бала деп есептесек, олардың әрбірімен сөйлесіп, оларды тыңдап, бағалап, балаларға сабақ үйретеді. Осылай күніне 6 сыныптың оқушысымен жұмыс істейді. Сабақ уақыты біткен соң, олардың дәптерін тексеріп, баға қояды. Келесі күні сабаққа жақсы дайындықпен келуі үшін мұғалім тынығуы керек. Сондықтан ата-аналар мұғалімнің кешкі уақыттағы жеке өміріне құрметпен қарауы тиіс.

Әрине, балаға қатысты шұ-ғыл жағдайлар болады. Мұндай кезде мұғалімдер жауап беруге уақыт табатынына сенімдімін.

"Ақшамның" асханасы

БАЛАНЫҢ ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ ӘДЕТІ



Тағам - балаңыздың өсуі мен дамуына, денінің саулығына тікелей әсер ететін қажеттілік. Ата-аналардың басты мәселелерінің бірі балаларының пайдалы тағам жемеуінде. Алайда, ең маңыздысы балаға құнарлы тағам түрлерін ұсынуды тоқтатпау қажет. Бала бірден қабылдамаса да, қайта-қайта ұсынған абзал. Ең бастысы өзіңіздің әрекеттеріңіз арқылы үлгі болыңыз. Мысалы, балықтан 5 рет бас тартса, бұл оның балықты ұнатпайтынын білдірмейді. Жаңа, әрі таныс емес тағамнан бас тарту кез келген адамға тән табиғи реакция. Ал бала үшін жаңа тағам түрлері түрлі реакция тудыруы мүмкін. Сондықтан балаңыздың рационына әртүрлі пайдалы, табиғи өнімдерді аз-аздан және үздіксіз енгізіңіз. Балаға дұрыс тамақтану әдетін қалыптастыру - бір күндік процесс емес, бұл уақыт пен шыдамдылықты қажет ететін жол.

Бұл балалар превентиві, нутрициолог және балалардың дұрыс тамақтануы жолында біршама мәліметпен таныстырып жүрген Айкөркем Жанболатқызының мәлімдемесі. Маманның мәліметіне зер салып, бала үшін пайдалы және пайдасыз тағам түрлері мен мәзірлерді ұсынамыз.

Балалар тамақтануының негізгі принциптері:

- Маңызды қоректік заттардың, энергияның, микроэлементтер мен витаминдердің жеткілікті болуына байланысты теңгерімді тамақтану;
 - Су ішу режимін сақтау;
 - Тамақтану режимін сақтау;
 - Балалар үшін анық зиянды тағамдарды отбасылық рационнан алып тастау;
 - Тағамның сапасына мән беру.
- Теңгерімді тамақтану рационында арнайы тәртіп болуы керек. Бұл принципті балаларға да, ересектерге де ұстануға болады. Стандартты порция мөлшері жасына қарай өзгереді және әр бала үшін әртүрлі. Өкінішке орай, балалар үшін дұрыс құрылмаған рацион организміде бірқатар бұзылуларға алып келеді. Мысалы:
- баланың кеш сөйлеуі,
 - когнитивті функцияның бұзылуы,
 - баланың өсуі мен дамуының баяу жүруі,
 - баланың көп жылауы мен шаршауы,
 - иммунитетінің төмен болуы,
 - асқазан-ішек жолдары органының ауыруы,
 - аллергия, дерматит, ринит, поллинозға әкеледі.
- Сондықтан, бала рационын дұрыс құра білу-әр ана үшін аса маңызды.

Балалар үшін дұрыс құрылған тамақтану рационы ықпал етеді:

- Организмнің иммундық жүйесін нығайтуға;
- Төзімділікті арттыруға;
- Организмде дефицит витаминдер мен минералдарды толықтыруға;
- Тамақтану режимін саналы түрде ұстануды дамытуға;
- Рационда әртүрлі тағамдарды тұтыну әдетін дамытуға;
- Дастарханда өзін ұстау мәдениетін және тамақтану әдеттерін дұрыс қалыптастыруға ықпал етеді.

Балаларға беруге болмайтын 5 тағам:

1. Тәтті газдалған сусындар

Бір банка кола не лимонадтың құрамында 6–8 шай қасыққа дейін қант болуы мүмкін. Баланың ұйқы безі мұндай жүктемеге дайын емес. Газдалған сусындарды жиі ішу семіздікке, тіс жегісіне әкеліп, зат алмасуды бұзады. Сонымен қатар құрамындағы фосфор қышқылы сүйектен кальцийді «шайыл» кетеді. Ең жақсы таңдаудың қатарында су, қантсыз морс немесе компот бар.

2. Сосиска мен шұжық өнімдері

Көп жағдайда олардың құрамындағы ет мөлшері небәрі 10–30%. Қалғаны — соя, крахмал, май, фосфаттар мен нитриттер. Нитриттер тіпті аз мөлшерде

болса да бала ағзасына зиян болуы мүмкін, ал фосфаттар кальцийдің сіңуін нашарлатады.

3. Түрлі-түсті көмпиттер, леденец-тер және мармеладтар

Жасанды бояғыштар балаларға гиперактивтілік пен зейіннің төмендеуіне



әсер етуі мүмкін. Зерттеулер оларды СДВГ-мен байланыстырады. Сонымен қатар мұндай тәттілер қантқа өте бай және ерте тіс жегісінің басты себепшісі.

4. Чипсы мен дәмдеуіш қосылған сухариктер

Бұл - картоп, не нан емес, май, тұз, крахмал және дәм күшейткіштердің қоспасы. Артық тұз бүйрекке салмақ түсіреді, ал трансмайлар жүрек-қан тамыр жүйесіне зиян.

5. Дәмдеуіштер

Балада «тәуелділік» тудырады. Мықты иммунитет теңгерімді тамақтанудан басталады. Дұрыс тамақтану — тек сорпа мен ботқа емес. Дұрыс рацион — барлық тағам топтарының теңгерімі. Әр тағам түріне түрлі дәмдеуіштерді ретсіз, әрі орынсыз қоспаған жөн.

ІРІМШІКТІ БӘЛІШ

Құрамы:

180 гр. ірімшік
2 жұмыртқа
6 ас қасық глютенсіз күріш ұны
1/2 шай қасық қопсытқыш
Қалауыңызша жидек немесе кураға, мейіз, банан.



Дайындалуы:

Ыдысқа ірімшік, жұмыртқа, ұн мен қопсытқышты салып, шанышқымен араластырамыз. Оған ұсақтап туралған жидекті немесе кураға, мейіз, бананды қосып, араластырамыз. Қолымызды сулап, қамырдан дөңгелек пішін жасап, пергамент төселген қалбырға саламыз. Үстің аздап басамыз. Бір жұмыртқаның сарысын үстіне жағып шығып, бетіне жаңғақ немесе тұқым, мак себеміз. 180 градуста 30 минут пісіреміз.

СӘБІЗДЕН ВАФЛИ

Құрамы:

1 үлкен сәбіз
1 банан
2 жұмыртқа
8 ас қасық глютенсіз ұн
1/2 шай қасық қопсытқыш
60 мл. өсімдік майы
Қалауыңызша сироп «топинам-бура» табиғи шәрбатын қосуға болады.



Дайындалуы:

Бананды шанышқымен езіп, сәбізді үккіштен өткіземіз. Барлық ингредиентті ыдыста араластырып, вафельницаны қыздырамыз. Екі ас қасықтан салып, 4-5 минут қызарғанша пісіреміз.

ІРІМШІКТІ ҚҰЙМАҚ

Құрамы:

200 грамм ірімшік
2 жұмыртқа
1 тәтті алма
4 ас қасық глютенсіз күріш ұны
1/2 шай қасық қопсытқыш



БАЛАҢЫЗ КӨКӨНІС ЖЕМЕЙ МЕ?

Бұл – көп ата-ана да кездесетін қалпыты жағдай. Бірақ дұрыс тәсілмен үйретуге болады.

1. Кіші порциялардан бастаңыз
Көкөністер отбасы ас мәзірінің тұрақты рационының бір бөлігі болуы тиіс. Бірден толық бір тәрелке көкөніс ұсынбаңыз — жиіркеніш тудырмас үшін өте кішкентай бөліктерден бастаңыз.

2. Балаға таңдау жасауға мүмкіндік беріңіз
«Брокколи қалайсың ба, әлде сәбіз бе?», деп таңдауына ерік беріңіз. Осылайша ол өзін бақылауда сезінеді және көбірек ықыласпен байқап көреді.

3. Көптүрлілікті бірден ұсынбаңыз
Балаға тамақтану стиліне бірден барлық көкөніс түрлерін енгізбеңіз. Аз ғана тізім таңдаңыз да, жаңа түрлерін 1–2 апта сайын біртіндеп қосыңыз.

4. Көкөністерді әртүрлі түрде ұсыныңыз
Шикі сәбіз таяқша түрінде, қайнатылған сәбіз, сәбізден панкейктер, қуырылған сәбіз, сәбіз соусы — мұның бәрі сәбіздің әртүрлі түрлері. Тәжірибе жасаңыз!

5. Бірге дайындап, бірге таңдаңыз
Балаға дүкенде көкөніс таңдауға,

жууға, қауіпсіз пышақпен турауға немесе тәрелкеге салуға көмектесуге мүмкіндік беріңіз. Ол нәтижесіне мақтанады!

6. Үлгі болыңыз

Егер бала ата-анасының жегенді жақсы көреді! Көкөністерді йогурт, ірімшік тұздығымен, ағарған өнімдерімен беріңіз.

7. Тұздықтармен ұсыныңыз

Балалар тамақты батырып жегенді жақсы көреді! Көкөністерді йогурт, ірімшік тұздығымен, ағарған өнімдерімен беріңіз.

8. «10 рет ережесін» қолданыңыз

Егер бала бас тартса — берілмеңіз! Кейде бала келісіп байқап көруі үшін тағамды 10–15 рет немесе одан да көп ұсыну қажет болады.

9. Көкөністерді қолжетімді етіңіз

Туралған көкөністерді тоңазытқышта контейнерде сақтаңыз немесе оларды тіскебасар ретінде ұсыныңыз. Көкөністер әрбір тамақтануда болсын.

10. Қысым жасамаңыз!

Қысым қаншалықты көп болса, қарсылық та соншалықты көп болады. Балаға таңдау еркіндігін беріңіз, бірақ ұсынуды ол келісіп байқап көргенге дейін жалғастырыңыз.

Ішек микрофлорасын қолдауға пайдалы өнімдер:

- Асқабақ дәні
- Сарымсақ
- Маринадталған капуста
- Табиғи айран немесе қантсыз йогурт

Мидың жұмысына пайдалы өнімдер:

- Табиғи какао
- Бадам
- Грек жаңғағы
- Майлы балық
- Авокадо

Таза әрі сау тері үшін:

- Жидектер
- Капуста
- Зәйтүн майы

Мықты иммунитет үшін:

- Тәтті бұрыш
- Киви
- Брокколи
- Майлы балық

Анемияның алдын алуға көмектесетін өнімдер:

- Қызыл ет
- Сияр еті
- Бауыр
- Жұмыртқа

Ағзадағы ақуыз деңгейін қолдауға көмектесетін өнімдер:

- Қызыл ет
- Сүйек сорпасы
- Жұмыртқа
- Балық
- Тауық еті
- Бұршақ

• Асбұршақ, ноқат, жасымық

ҚОСЫМША ТАМАҚТАНУ - сәби өміріндегі ең маңызды этап. Ол тек тамақтану емес, баланың сенсорлық және когнитивті дамуы, моторикасының дамуы, координациясының дамуы қатар жүреді.

Бала тамақтануды бастағанда алдымен көкөністерден бастау міндетті емес. Балаларға арналған дүкен сөрелеріндегі дайын кашаға қарағанда дәмді дақылдарды суда дайындаған дұрыс. Ет өнімдерін 6 айдан бастап беруге болады. Бұл уақытта әсіресе тауық, күркетауық, қоян еттерін ұсынған абзал. Жеміс жидектердің басым көпшілігін 6 айдан бастап беруге болады. 7 айдан бастап ақ балықты, 8 айдан бастап майлы қызыл балықты енгізуге болады. Айта кету керек, бұл аллергиялық өнім. Жұмыртқа да аллергиялық өнім екенін ескеріп, 7 айдан бастап беруге болады. Жасымық, ноқат өнімдерін 8 айдан бастап ұсынған дұрыс. Майлардан ГХИ, зәйтүн, сары майды реттілікпен жиі тамақтануды бастаған кезден ұсыну керек. Сүт өнімдері аллергиялық өнім ретінде белгілі. Сүт өнімдерін 8 айдан, жаңғақтарды 6 айдан бастап беруге болады.

БАЛАНЫҢ

ТӘБЕТІ ТӨМЕН, ИММУНИТЕТІ ӘЛСІЗ БОЛСА...

Баланың тәбеті төмен, иммунитеті әлсіз болса: Көп ата-ана білмейді, бірақ ашытылған капуста — балалардың ішегі үшін ең пайдалы тағам. Ішек-екінші ми, бала иммунитетінің 80%-ы ішекте орналасқан! Ашытылған капуста табиғи пробиотикке бай, яғни ішектегі пайдалы бактерияларды көбейтіп, ас қорыту жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне көмектеседі. Сонымен қатар құрамындағы С дәрумені иммунитетті күшейтіп, баланы жиі ауырып қалудан қорғайды. Ал аз мөлшерде беру тәбетті ашып, іш қатудың алдын алуға көмектеседі.